

«Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
2025 жылғы «10» қаңтардағы Хаттама



Евразия

САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

**АВТОМОБИЛЬ КӨЛІК ҚҰРАЛЫН
ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕЛЕРІ**



МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ	5
3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ. САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ.....	5
4. ҚОСЫМША ОПЦИЯЛАР	6
5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ТӘУЕКЕЛДЕРДЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕР	7
6. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ.....	11
7. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ. ФРАНШИЗА.....	12
8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ	13
9. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ	15
10. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ	15
11. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	16
12. САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ) САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ	19
14. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ, МЕРЗІМІ.....	24
15. САҚТАНУШЫНЫҢ ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ САҚТАНДЫРУШЫҒА АУЫСУЫ (СУБРОГАЦИЯ)	29
16. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ.....	29
17. ҚОСЫМША ШАРТТАР.....	31

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 Осы «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ автомобиль көлік құралын ерікті сақтандыру ережелері (бұдан әрі – Сақтандыру ережелері) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді. Осы Сақтандыру ережесінің талаптарына сәйкес бұдан әрі Сақтандырушы деп аталатын, «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ, бұдан әрі Сақтанушы деп аталатын заңды (меншік нысанына және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан) және жеке (азаматтығына қарамастан) тұлғалармен автомобиль көлік құралын ерікті сақтандыру шарттарын жасайды.
- 1.2 Сақтандыру ережелерінде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:
- 1.2.1 **Абандон** – Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтандырушының пайдасына сақтандырылған автомобиль көлік құралына немесе оның бір бөлігіне өз құқықтарынан бас тарту туралы мәлімдеу және белгіленген франшизаны ескере отырып, сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін алу құқығы.
- 1.2.2 **Автомобиль көлік құралы** (бұдан әрі – КҚ) – автомобиль көлігінің жылжымалы құрамының бірлігі:
- 1) жеңіл және жүк көліктері;
 - 2) жүк-жолаушылар автомобильдері, автобустар, трамвайлар, троллейбустар, шағын автобустар;
 - 3) мамандандырылған автомобильдер (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) және арнайы автомобильдер (әртүрлі, негізінен көліктік емес жұмыстарды орындауға арналған)
 - 4) автомобиль тіркемелері, жартылай тіркемелер, тартқыштар;
 - 5) мотоциклдер, мотороллерлер, мопедтер;
 - 6) ауыл шаруашылығы автотехникасы, жылжымалы зертханалар, медициналық пункттер, шынжыр табанды техника;
- 1.2.3 **Амортизация (тозу)** – КҚ пайдалану салдарынан, оның физикалық және моральдық тозуы нәтижесінде, сондай-ақ технологиялық ресурсты өндіру нәтижесінде КҚ-ның бастапқы құнының төмендеуі және КҚ құнына пайыздық қатынаста есептеледі. Келтірілген залалдың мөлшерін есептеу мемлекеттік органдардың нормативтік актілерімен бекітілген Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін анықтау ережелеріне сәйкес жүргізіледі.
- 1.2.4 **Пайда алушы** – сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 1.2.5 **Сақтандыру объектісінің нақты құны** – сақтандырылған объектінің маркасындай маркадағы КҚ құны (қосымша жабдықты қоса алғанда), оның моральдық және физикалық тозуын (амортизациялық) ескере отырып, немесе сол жердегі ұқсас КҚ-ның нарықтық құнын негізге ала отырып, немесе сақтандыру шартын жасау сәтіндегі оның нарықтық құнын негізге ала отырып, немесе құзыретті ұйым берген анықтама-шоттың, сатып алу-сату шартының немесе бағалау туралы есептің негізінде.
- 1.2.6 **Сақтандыру шарты** – Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім, оған сәйкес Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шарты бойынша шартта келісілген сақтандыру сыйлықақысы үшін, Пайда алушыға сақтандыру төлемін сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асыруға міндеттенеді.
- 1.2.7 **КҚ қосымша жабдықтары** – бұл КҚ-на стационарлық түрде орнатылған (орнатуды қажет ететін) және зауыттық жиынтыққа кірмейтін жабдықтар мен керек-жарақтар. Оларға мыналар жатады: салондарға арналған жабдық, шанағындағы және әйнектердегі қорғаныс жабындары мен пленкалар, спойлерлер, қарсықанаттар, басқыштары мен қанаттар төсемдері, КҚ-на орнатылған тіркеп сүйреуге арналған құрылғылар және т. б.
- 1.2.8 **Қарыз шарты** – бір тарап (қарыз беруші) екінші тарапқа (қарыз алушы) беретін, ал Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартта көзделген жағдайларда тектілік белгілермен айқындалған ақшаны немесе мүлікті меншікке (шаруашылық жүргізуге, жедел басқаруға) беруге және де қарыз алушының қарыз берушіге, алынған ақша сомасын немесе сол ақшаның құнына тең мүлікті уақтылы қайтаруға міндеттенетін шарт. Банктік қарыз

- шартының және микрокредит беру туралы шарттың ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады;
- 1.2.9 **Кепіл туралы шарт** – кепіл берушінің (қарыз алушының) және кепіл ұстаушының (қарыз берушінің) арасында жазбаша түрде жасалатын шарт, онда кепіл заты, кепілдің мәні, кепілмен қамтамасыз етілетін міндеттемелер және оларды орындау мерзімдері тіркеледі;
- 1.2.10 **Кепіл** – міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі, оның негізінде кепіл беруші (қарыз алушы) кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған жағдайда, кепіл ұстаушы (қарыз беруші) кепілге салынған көлік құралының құнынан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген алып қоюларды өзіне тиесілі болатын (кепіл беруші) тұлғаның басқа кредиторлар алдындағы артықшылықты қанағаттануды алу құқығына ие болады;
- 1.2.11 **Кепілдік көлік құралы** – кепіл беруші (қарыз алушы) кепіл ұстаушыға (қарыз берушіге) қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін қамтамасыз ету есебінен кепілге берген көлік құралы;
- 1.2.12 **Кепіл беруші** – көлік құралын кепілге беретін тұлға, ол қарыз алушының өзі болуы, үшінші тұлға – көлік құралының меншік иесі болуы мүмкін;
- 1.2.13 **Сақтандырылушы** – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға.
- 1.2.14 **Интернет-ресурс** – Сақтандырушының ақпараттық-коммуникациялық Интернет желісіндегі ресми сайты.
- 1.2.15 **Серіктестің интернет-ресурсы** – тиісті келісім негізінде Сақтандырушының серіктестері болып табылатын басқа ұйымдардың интернет-ресурсы;
- 1.2.16 **Жеке кабинет** – Сақтандырушының ресми сайтында орналастырылған ақпараттық ресурс, оған кіруге тек Сақтанушыға ғана рұқсат беріледі.
- 1.2.17 **КЖ және ТҚ** – Қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру.
- 1.2.18 **КҚ онлайн қарап-тексеру** – Сақтандырушы мен Сақтанушы (Сақтандырылушы/Пайда алушы) арасындағы бейнебайланысты пайдалана отырып, қашықтықтан форматында жүзеге асырылатын КҚ қарап-тексеру, бұл ретте Сақтандырушы нұсқаулар береді және фото-және бейнебайланыс арқылы КҚ-ның жай-күйі мен зақымдануын тіркеуді жүргізетін Сақтанушымен бірге жүреді. Сондай-ақ, КҚ өздігінен онлайн-тексеру мүмкіндігі қарастырылған, бұл жағдайда Сақтанушы Сақтандырушының нұсқауларын орындай отырып, тексеруді және фототіркеуді дербес орындайды. Бұл рәсім сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалды растау үшін де, және КҚ сақтандыруға ресімдеу үшін де қолданылады.
- 1.2.19 **КҚ оптикасы** – КҚ алдыңғы және артқы әйнек, алдыңғы фаралар, артқы шамдар, бүйірлік айналар және бүйірлік әйнек (есік әйнегі), КҚ төбесінің әйнегі), артқы көрініс камерасы, айнала шолу камералары, КҚ алдыңғы бамперіндегі камера.
- 1.2.20 **Бағалау туралы есеп** — бұл бағалауға тапсырыс берушіге, сондай-ақ басқа мүдделі тұлғаларға арналған, нақты объектінің нарықтық немесе басқа құнын бағалау нәтижелерін қамтитын құжат.
- 1.2.21 **Бағалаушы** – бағалаушылар палатасы берген «бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәлік негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыратын және бағалаушылар палаталарының бірінің мүшесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;
- 1.2.22 **Залал** – КҚ иеленуге, пайдалануға байланысты оқиғалардың нәтижесінде КҚ-ның, яғни оның дайындаушы зауыт орнатқан бөліктері мен жабдықтарының және қосымша орнатылған жабдықтарының («КҚ тексеру актісінде» көрсетілген) зақымдануынан, жойылуынан және/немесе жоғалуынан туындаған Сақтанушының мүлдіктік шығындарының тәуекелі.
- 1.2.23 **Толық жойылу / Жою/Жоғалту** – нәтижесінде қалпына келтіру жұмыстары КҚ құнының 80 (сексен) % - нан асатын, КҚ айдап әкетуді/ұрлауды және/немесе зақымдауды қамтиды.
- 1.2.24 **Мамандандырылған техникалық қызмет көрсету станциясы** (мамандандырылған ТҚС) – жоспарлы техникалық қызмет көрсету, автомобильдің бұзылуын жою, КҚ қалпына келтіру (шанақ) жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары бойынша қызметтер көрсететін ұйым.

- 1.2.25 **Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасаған кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер немесе іс-әрекетке қабілетті жеке тұлға.
- 1.2.26 **Франшиза** - сақтандырушыны сақтандыру талаптарында көзделген, белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1 Сақтандыру объектісі Сақтанушының (Сақтандырылушының) КҚ иеленумен, пайдаланумен және басқарумен байланысты, оның ішінде қарыз берушіде қарыз шарты бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету есебінен кепілде тұрған, сондай-ақ сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру жағдайлары нәтижесінде оны жоғалту (жойылу) немесе зақымдау тәуекелімен байланысты мүліктік мүдделері болып табылады.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ. САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

- 3.1 **Сақтандыру жағдайы** – басталған кезде сақтандыру шартында сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін оқиға. Сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалған сақтандыру шартында осы Сақтандыру Ережелерінің 3.2-тармағында көрсетілген бір, бірнеше немесе барлық сақтандыру тәуекелдерін сақтандыру мүмкін болады.
- 3.2 **Залал** – Сақтандыру шартының шарттарымен айқындалатын келесі сақтандыру тәуекелдерінің/оқиғаларының нәтижесінде КҚ-ның, яғни оның дайындаушы-зауыт орнатқан бөлшектері мен жабдықтарының, сондай-ақ резеңке мен дискілер және қосымша орнатылған жабдықтарының (сақтандыру шартын жасау сәтінде «КҚ тексеру актісінде» тіркелген) зақымдануынан, жойылуынан және / немесе жоғалуынан туындаған Сақтанушының/Пайда алушының мүліктік шығындарының тәуекелі:
- 3.2.1 **Жол-көлік оқиғасы (ЖКО):** автомобиль көлігінің жолда жүруі процесінде және оның қатысуымен туындаған оқиға, оның ішінде автомобиль жолдарынан тыс (автотұрақ, тұрақ, автожол болып табылмайтын жүріс бөлігі) және жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдардан тыс болған оқиға, бұл жағдайда басқа автомобиль көлігімен соқтығысу, қозғалатын немесе қозғалмайтын заттарға (құрылыстарға, кедергілерге, құстарға, жануарларға) соқтығысу (соққы), денсаулыққа зиян келтіруге, адамның өліміне, КҚ-на, құрылыстарға, жүктерге зақым келтіруге не өзге де материалдық залалға әкеп соққан басқа көлік құралының қозғалмайтын сақтандырылған көлік құралына соғылуы;
- 3.2.2 **Үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері:** уәкілетті органдар қылмыс белгілері бойынша анықтаған, қарақшылыққа, тонауға, вандализмге, сондай-ақ көлік құралдарының лақ-бояу жабындарына зақым келтіруге, автомобиль көлігін өртеумен немесе жарып жібермен байланысты үшінші тұлғалардың іс-әрекеттер жасауы;
- 3.2.3 **Оңай алынатын бөлшектерді ұрлау:** артқы көріністің сыртқы айналары, КҚ сыртындағы қосалқы дөңгелектер, антенналар, молдингтер, эмблемалар (белгішелер), қосымша жабдық (сақтандыру шартын жасау сәтінде «КҚ тексеру актісінде» тіркелген). Әдепкі бойынша, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, тәуекел сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде 1 (бір) рет өтеледі;
- 3.2.4 **Найзағай түсу, Дүлей апаттар:** табиғи құбылыстың КҚ-на сыртқы әсері, оның ішінде жер сілкінісі, көшкін, қар көшкіні, боран, дауыл, дауылды (қатты) жел, теңіз дауылы, су тасқыны, су басу, бұршақ, сел ағындарының жиналуы, топырақтың отыруы, газдың шығуы, мұздан, осы аймақ үшін қалыптан тыс нөсер жаңбырдан, қалың қардан, бораннан зақымдану, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе;
- 3.2.5 **Басқа күтпеген оқиғалар:** мұз астына (ТЖМ, әкімшілік, жол полициясы және басқа да уәкілетті органдардың мұз қатқан өзендер, көлдер және басқа су айдындары бойынша КҚ қозғалысына рұқсаты болған кезде) немесе жол төсеміне түсіп кету, су құбырының, жылыту немесе кәріз жүйесінен зақымдану (автомобиль жолындағы/паркингтегі кәріз немесе су құбырларының, жылыту жүйесінің жарылуы салдарынан КҚ су басу);



- 3.2.6 **Өрт** – сыртқы әсердің салдарынан және отты жағу және ұстап тұру үшін арнайы белгіленген орындардан тыс жерде туындаған бақыланбайтын немесе осы орындардың шегінен шығып, өздігінен таралуға қабілетті және материалдық зиян келтіретін жану;
- 3.2.7 **Жарылыс** – қысымның жоғарылауына немесе соққы толқынының туындауына әкелетін, жануымен, ұшқын түзумен, сынықтардың (жарықшақтарының) ұшуымен, газдардың немесе булардың бөлінуімен бірге жүретін зат күйінің лезде физика-химиялық өзгеруімен байланысты қысқа уақыт ішінде энергияны бөлу процесі;
- 3.2.8 **Өздігінен жану** - көлік құралының кез келген жүйесінде жылудың жиналуы немесе КҚ электр жабдықтары жүйесінде қысқа тұйықталу салдарынан өздігінен жанудың туындауы;
- 3.2.9 **КҚ қозғалыста болмаған кездегі бөгде заттың немесе заттың құлауы немесе түсуі**, атап айтқанда және тек қана: ғимараттар мен құрылыстардың шатырларынан шатыр темірінің, жылжымайтын мүліктен қаптаманың, қардың немесе мұздың, тіректердің, ағаштардың және олардың бұтақтарының құлауы, көлік дөңгелектерінің астынан қиыршық тастардың, тастардың және басқа да қатты заттардың ұшуы;
- 3.2.10 Басқа КҚ дөңгелектерінің астынан қиыршық тастардың, тастардың және басқа қатты заттардың ұшуы нәтижесінде **КҚ оптикасының зақымдануы/зиян келтіру немесе жоғалуы**. Әдепкі бойынша, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, тәуекел сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде 1 (бір) рет өтеледі;
- 3.2.11 **Жануарлардың/құстардың әрекетінен сыртқы механикалық зақымдану** — жануарлардың/құстардың әрекеттерінен туындаған қозғалыста болмаған КҚ-ның сыртқы механикалық зақымдануы;
- 3.2.12 Халықтық көтерілістерге, бүліктерге, азаматтық толқуларға, әскери көтерілістерге, төңкеріске және саяси және діни себептерге байланысты үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттеріне ұласқан немесе жайылған **террористік актілер, ереуілдер, локауттар, азаматтық тәртіпсіздіктер**.
- 3.2.13 **Химиялық заттардың кездейсоқ сыртқы әсері**: олармен өзара әрекеттесу КҚ лак-бояу жабынына немесе қосымша жабдыққа зақым келтіретін сұйық және қатты химиялық заттармен КҚ шанағының бір мезеттік зақымдануы;
- 3.2.14 **Айдап әкету немесе ұрлау** – КҚ ұрлау (айдап әкету) мақсатынсыз КҚ заңсыз иеленуден немесе КҚ ұрлаудан туындаған Сақтанушының мүліктік шығындарының тәуекелі.

4. ҚОСЫМША ОПЦИЯЛАР

- 4 Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шарты қосымша төменде көрсетілген қосымша опциялардың бірін немесе бірнешеуін қамтуы мүмкін:
- 4.1 **«КҚ тозуын ескере отырып, калькуляция бойынша»** опциясы сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған есептелген КҚ амортизациясын (тозуын) шегере отырып, зақымданған КҚ қалпына келтіру құнын есептеу негізінде Сақтандырушы, не ол тартқан тәуелсіз бағалаушы жасаған залалды (калькуляцияны) есептеуді көздейді;
- 4.2 **«Мамандандырылған ТҚС»** опциясы — ресми Дилерлік орталықтардың техникалық қызмет көрсету орталығында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының құны негізінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру. Сақтандырушымен келісім бойынша сақтандыру төлемі басқа техникалық қызмет көрсету орталықтарынан ұсынылған жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары мен материалдар құнының ақау актісі негізінде жүзеге асырылады;
- 4.3 **«Сақтандыру жағдайының орнына эвакуатор»** опциясы — Сақтанушының КҚ сақтандыру жағдайы орнынан, елді мекен шегінде эвакуаторда тасымалдауға байланысты, эвакуатор қызметтерінің құны мөлшерінде, бірақ сақтандыру шартында көрсетілген сомадан аспайтын шығыстары;
- 4.4 **«Уәкілетті органдарды шақырмай»** опциясы — сақтандыру оқиғасы басталған кезде сақтандыру төлемі уәкілетті органдарды шақырмай, мынадай шарттар сақталған кезде сақтандыру шартында белгіленген лимиттен аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады:
1) сақтандыру оқиғасының нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне және/немесе денсаулығына зиян келтіру фактісі жоқ;



- 2) Сақтанушы/Сақтандырылушы дереу (ЖКО сәтінен бастап 1 сағаттан кешіктірмей) апаттық комиссарды шақыруға немесе КҚ зақымдануын тіркеу үшін Сақтандырушының онлайн консультациясынан өтуге міндетті;
- 3) Жол-көлік оқиғасы кезінде Сақтанушы / Сақтандырылушы медициналық куәландырудан өтуге міндетті (апаттық комиссар сақтандыру жағдайын ресімдеген сәттен бастап 6 сағаттан кешіктірмей);
- 4.5 **«Сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін сақтандыру сомасын қалпына келтіру»** опциясы. КҚ толық жойылған кезде төлемді толық көлемде жүзеге асыруды қоспағанда, сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін азаймайды;
- 4.6 **«КҚ-ның толық жойылуы немесе айдап әкетілуі/ұрлануы кезінде франшизаны 5% дейін төмендету»** опциясы. Бұл опция КҚ толық жойылуы кезінде ғана қолданылады;
- 4.7 **«Мультидрайв»** опциясы — сақтандыру Сақтанушы/Сақтандырылушы ретінде енгізілген жеке тұлғаларға қатысты және сақтандыру шартына қосымша келісімді ресімдемей және оған қол қоймай, Сақтандыру шартын жасау сәтінде қолданыста болған Сақтанушы жасаған КҚИ АҚЖМС сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандырылған КҚ қатысты жүзеге асырылады;
- 4.8 **«КҚ жүрісі кезіндегі автомобиль шинасы мен дөңгелек дискісінің зақымдануы немесе толық жойылуы»** опциясы «Жеңілдік-50%» опциясын пайдаланбай және тек зақымданған дөңгелек үшін, дискілер мен шиналар жиынтығы үшін төлемді қоспағанда, өтелімге қосылады. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Шарттың қолданылу мерзімі ішінде 1 (бір) рет өтеледі;
- 4.9 **«Жеңілдік-50%»** опциясы сақтандыру объектісіне қатысты Сақтандырушы белгілейтін стандартты сақтандыру сыйлықақысының 50% мөлшерінде жеңілдік сыйлықақысы. Опция шығынсыз Сақтанушылар үшін ұсынылады;
- 4.10 **«Қосымша жабдық»** опциясы – КҚ-на тұрақты орнатылған (яғни монтаждауды қажет ететін), бірақ зауыттық жиынтыққа кірмейтін КҚ жабдықтары мен керек-жарақтары (теле -, радио-және дыбысты жаңғыртатын аппаратура, салон жабдығы, шанақтағы және әйнектегі/оптикадағы қорғаныс жабындары мен пленкалар, зауыттық ЛКП/әйнектердің үстіне жағылған, жарық, сигнал беру құрылғылары, спойлерлер, қарсықанаттар, басқыштар мен қанаттар төсемдері, тіркеп сүйреуге арналған құрылғылар және КҚ-на қосымша орнатылған өзге де жабдық). КҚ қарау актісі негізінде және оны өтініш-сауалнамада міндетті түрде көрсете отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушының келісімі бойынша қосымша деп танылған өзге де жабдық. Тараптардың келісімі бойынша жабдықтың жекелеген түрлері КҚ құрамында сақтандырылуы мүмкін, бұл сақтандыру шартында көрсетіледі. Қосымша жабдық ол орнатылған КҚ-нан бөлек сақтандыруға жатпайды.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ТӘУЕКЕЛДЕРДЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕР

- 5.1 Егер сақтандыру жағдайлары төменде аталғандардың салдарынан орын алса, осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру жағдайлары болып табылмайды және сақтандырылған КҚ-ның және (немесе) қосымша жабдықтың зақымдануына, жоғалуына (жойылуына) сақтандыру қолданылмайды.:
- 5.1.1 сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы ретінде көрсетілмеген оқиғалар;
- 5.1.2 сақтандыру шарты күшіне енгенге дейін немесе Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын/бірінші сақтандыру жарнасын төлегенге дейін/КҚ тексеру рәсіміне дейін сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы;
- 5.1.3 тасымалданатын жүкпен КҚ зақымдануы;
- 5.1.4 КҚ пайдалану нәтижесінде жекелеген тораптар мен бөлшектердің бұзылуынан, істен шығуынан туындаған залал, оның ішінде КҚ тежегіш жүйесінің, қозғалтқыштың істен шығуы, КҚ техникалық ақаулығы салдарынан, КҚ-да қосымша орнатылған тораптардың, агрегаттардың, элементтердің/бөлшектердің немесе өзге де заттардың өзара әрекеттесуі салдарынан болған шығындарды қоса алғанда;
- 5.1.5 көліктің кез келген түрімен КҚ тасымалдау/тіркеп сүйреу;



- 5.1.6 ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың, радиоактивті сәулеленудің немесе радиоактивті отынмен немесе атом отынын жағудан радиоактивті қалдықтармен ластанудың әсері;
- 5.1.7 өтініш-сауалнамада немесе шарттың қолданылу сәтінде такси /каршеринг/такси агрегаторлары (веб-сайттың немесе мобильді қосымшаның көмегімен тапсырысты табуға немесе жолаушыны табуға мүмкіндік беретін сервистер) ретінде пайдалану немесе иеленуге, пайдалануға (прокатқа алуға, жалға алуға және т. б.) тапсыруда көрсетілген және / немесе көлік жүргізуді үйрету мақсатында немесе жаттығуларға, сынақтарға немесе сынақтық жарыстарға, экстремалды жүргізумен байланысты іс-шараларға қатысу үшін, сондай-ақ кез келген түрдегі спорттық жарыстарға қатысу үшін Сақтандырушының келісімінсіз КҚ пайдалану;
- 5.1.8 прокатқа, жалға, лизингке берілген КҚ Сақтанушыға қайтармау;
- 5.1.9 КҚ заңсыз мақсаттарда пайдалану, оның ішінде Сақтанушының немесе Сақтандырылушының сот қылмыстық жазаланатын деп таныған әрекеттерді жасауы нәтижесінде немесе егер КҚ қылмыстың қаруы немесе құралы болып табылса;
- 5.1.10 сақтандырылған КҚ-на тиеу, сақтандырылған КҚ-нан түсіру процесі;
- 5.1.11 сақтандыру жағдайы кезінде немесе оның алдында автомобиль көлігіндегі жолаушылардың жалпы саны автомобиль көлігінің осы моделі үшін белгіленген ең жоғары деңгейден асып кеткен және / немесе автомобиль көлігі жүктемесінің шекті нормаларынан асып кеткен кез келген себеп;
- 5.1.12 табиғи тозуды, тотты, коррозияны, көгеруді, зең басуды, дымқыл немесе құрғақ шіруді, біртіндеп нашарлауды, жасырын ақауларды, табиғи ақауларды, баяу дамып келе жатқан деформацияны немесе бұрмалануды, жәндіктердің қалдықтарының, кез келген түрдегі паразиттердің/микробтардың және кеміргіштердің әрекеттері, тотығу, зауыттық ақау, жинақталған әсер және/ немесе сыртқы химиялық элементтердің тұрақты әсерін қоса, бірақ олармен шектелмей, біртіндеп әсер ететін себептер;
- 5.1.13 жобадағы (дизайндағы), ерекшеліктердегі, өндірістегі, материалдардағы қателер мен қате есептеулер;
- 5.1.14 егер олар оқиға сәтінде сақтандыру жағдайы басталғанға дейін КҚ-нан бөлек болған болса, КҚ бөлшектерін ұрлау;
- 5.1.15 тіркеу белгілерін ұрлаудан туындаған залалдар;
- 5.1.16 Сақтанушының (Сақтандырылушының) психикалық бұзылыстары немесе ауыр жүйке бұзылыстары. Егер Сақтандырылушы осы жағдайға дейін мұндай аурудан зардап шекпесе және оған бейімділігі болмаса, сақтандыру өтемі сақталады;
- 5.1.17 сақтандырылған КҚ немесе оның жеке тораптары мен агрегаттарын жылыту үшін ашық от көзін пайдалану;
- 5.1.18 шатырдан немесе люктерден ағып кетулер (егер сақтандыру жағдайының салдарынан шатыр немесе люктер зақымданбаған болса) немесе терезені / әйнекті ашық қалдыру;
- 5.1.19 КҚ бөлшектерін және/немесе мүлікті сақтандыру жағдайы кезінде немесе сақтандыру жағдайынан кейін ұрлау немесе тонау;
- 5.1.20 осы факторлардың әсерінен оның физикалық және химиялық қасиеттерінің өзгеруін қоса алғанда, тиісті маусымда осы аймаққа тән табиғи факторлардың сақтандырылған КҚ-на әсер етуі;
- 5.1.21 егер сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы ретінде осы тәуекел көзделмесе, соғыс; шапқыншылықтар; кез келген түрдегі әскери іс-қимылдар немесе әскери операциялар/арнайы операциялар, соғыс, шапқыншылық, шет мемлекеттің дұшпандық әрекеттері (соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
- 5.1.22 егер бұл тәуекел сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы ретінде көзделмесе, мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша сақтандырылған көлік құралын алып қою, тәркілеу, мүлікті мемлекет меншігіне алу, реквизициялау, тыйым салу немесе жою, кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе іс жүзінде) немесе қоғамдық немесе жергілікті билікпен билікті әскери басып алу немесе озбырлықпен басып алу; тәркілеу; мүлікті реквизициялау немесе мемлекет меншігіне алу;



- 5.1.23 Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер мен құжаттарды ұсынуы;
- 5.1.24 Сақтанушының / Пайда алушының залал келтірген тұлғадан, не өзге Сақтандыру компаниясынан тиісті залалды өтеуді алуы;
- 5.1.25 сақтандыру шартында/Сақтандыру ережелерінде белгіленген мерзімдерде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарламау немесе уақытылы хабарламау;
- 5.1.26 егер бұл ретте сақтандырылған КҚ-дағы құлыптарды ауыстыру және дабылды қайта бағдарламалау жүзеге асырылмаған болса, Сақтандырушыны сақтандырылған КҚ-ның кілттерін жоғалту туралы хабарламау; сақтандырылған КҚ-да кілттерді және/немесе КҚ тіркеу туралы куәлікті қалдыру;
- 5.1.27 орнатылған электр және өзге де жабдықтардың, оның ішінде электр сымдарының немесе кепілді қызмет көрсетуде жоқ КҚ үшін орнатылған қосымша жабдықтардың тұйықталуы салдарынан КҚ ақаулығы нәтижесінде туындаған өрт;
- 5.1.28 КҚ келесілердің нәтижесінде өртенуі:
- жарылыс қаупі бар тұтанғыш заттарды, жанар-жағармай сұйықтықтарын, газ баллондары мен жанармай құйылған канистрларды тасымалдау;
 - ресми дилерде орнатылмаған және КҚ базалық жиынтығында көзделмеген қосымша жабдықты, магнитоланы/күшейткіштерді, дабылды және басқа да қосымша жабдықты орнату арқылы электр жүйесіне араласу;
 - КҚ-на газбаллонды қуат беру жүйесін орнату, егер жоғарыда көрсетілген жұмыстар сақтандыру шартын жасау сәтінде Сақтандырушымен келісілмесе немесе сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтандырушыны хабардар етпеу.
- 5.1.29 сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша КҚ жүргізуге рұқсат берілген Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының/Жүргізушінің, сақтандырылған КҚ Жолаушыларының жасырын ниеті, сондай-ақ КҚ жүргізуге рұқсат берілген Сақтанушы, Пайда алушы, Жүргізуші, сақтандырылған КҚ Жолаушылары қасақана қылмыс жасаған немесе жасауға әрекет жасаған кезде.
- 5.2 Келесі жағдайларда сақтандыру жағдайы деп танылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізбейді:
- а) тиісті санаттағы КҚ басқару құқығына жүргізуші куәлігі жоқ тұлғаның сақтандырылған КҚ жүргізуі;
 - б) сақтандырылған КҚ кез келген дәрежедегі алкогольдік, уыттылық, есірткілік немесе өзге де мас болу күйінде және/немесе оның ішінде кез келген мас болу белгілері жоқ, бірақ организмде табылған алкогольдік, уыттылық, кез келген есірткілік заттармен (қалдық құбылыстарды қоса алғанда) жүргізу;
 - в) Сақтандырылушының психоактивті затты пайдалану фактісін және/немесе мас болу жай-күйін анықтау үшін, оның ішінде уәкілетті органдар қызметкерлерінің және/немесе Сақтандырушы өкілдерінің талап етуі бойынша және/немесе осы Сақтандыру ережелерінің өзге де шарттарына сәйкес медициналық куәландырудан өтпеуі не одан бас тартуы;
 - г) Сақтанушы, Сақтандырылушы немесе КҚ жүргізу рұқсат берілген өзге тұлға КҚ пайдалану ережелерін, оның ішінде техникалық ақаулы КҚ пайдалану ережелерін бұзған немесе белгіленген тәртіппен техникалық байқаудан өтпеген жағдайда, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталуына себеп болған өрт қауіпсіздігі ережелерін, өрт қауіпті және жарылыс қауіпті заттектер мен заттарды тасымалдау және сақтау ережелерін, жүктерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптарын (жол жүрісі ережелеріне сәйкес) бұзу;
 - д) сақтандыру шартында Сақтандырылған тұлға ретінде көрсетілмеген тұлға сақтандырылған КҚ жүргізген жағдайда;
 - е) ЖКО орнын қалдыру жәбірленушіге медициналық көмек көрсету қажеттілігінен туындаған жағдайларды қоспағанда, Сақтанушы/Сақтандырылушы КҚ-да немесе КҚ-сыз ЖКО орнын тастап кеткен жағдайда, ЖКО орнынан кетіп қалудың мақсаттарына, ниетіне, себептері

- мен мән-жайларына қарамастан, ол үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылуына немесе тартылмауына қарамастан;
- ж) сақтандыру аумағынан тыс немесе сақтандыру шартының қолданылу мерзімінен тыс сақтандыру оқиғасының басталуы. Бұл тармақ ҚР аумағындағы шет мемлекеттердің елшіліктері мен консулдықтарының аумағына қолданылмайды.
- 5.3 Сақтандырушы мыналар үшін сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:
- а) жанама және коммерциялық шығындар үшін, оның ішінде тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды жүргізу (қызметтер көрсету), келісімшарттар (шарттар) бойынша өзге де міндеттемелердің мерзімдерінің бұзылуына байланысты шығындар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және т. б.), ұтылған пайда;
- б) сақтандыру жағдайының салдары болып табылатын өзге де шығыстар (әкімшілік айыппұлдар және өзге де мемлекеттік төлемдер; жалға алынатын автомобиль көлігін (мүлікті) пайдаланғаны үшін төлемдер; жөндеу кезінде қонақ үйде тұрғаны үшін төлемдер; іссапар шығыстары; табыстан айырылу; тоқтап қалудан туындаған шығыстар; тұрақ пен күзет үшін төлемдер, зақымданған КҚ тасымалдауға арналған шығындар);
- в) моральдық зиян;
- г) сот шығындары;
- д) сақтандырылған КҚ жабдықтары мен электрондық компоненттерінің кез келген сынуы (оларды монтаждауды, баптауды, қайта құрылымдауды, техникалық қызмет көрсетуді немесе жөндеуді қоса алғанда), сондай-ақ оның бөлшектерінің немесе тораптарының жұмысқа жарамдылығының бұзылуынан туындаған:
- КҚ қызмет көрсету кезіндегі сақтанушының (сақтандырылушының) қателерінен;
 - гидравликалық соққыдан немесе бумен немесе сұйықтықпен жұмыс істейтін қазандықтар мен аппараттардағы сұйықтықтың жетіспеушілігінен;
 - қысқа тұйықталуды, тоқтың немесе кернеудің күрт өсуін және индукцияланған токтарды қоса алғанда, электр энергиясының әсерінен;
 - шамадан тыс жүктеме, қызып кету, дірілдеу, сыналану, механизмдердің бөгде заттармен бітелуі, механизм ішіндегі қысымның өзгеруі немесе ортадан тепкіш күштің әсерінен;
 - сымарқандар мен тізбектердің үзілуі;
 - материалдың тозуы;
- е) сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандырылған КҚ-ның Сақтанушыға немесе оның өкілдеріне немесе уәкілетті тұлғаларға белгілі болуы тиіс ақаулары мен кемшіліктері. Сақтанушыға белгілі ақаулар мен кемшіліктер ретінде КҚ тексеру актісінде және/немесе сақтандыру шартын жасауға өтініш-сауалнамада көрсетілген ақаулар мен кемшіліктер түсініледі;
- ж) антирадарлар, алынбалы автомагнитола панельдері, алынбалы автомагнитолалар, бейне техника, компьютерлер және КҚ-да орнатылған басқа да ұқсас жабдықтар (егер олар қосымша жабдық ретінде сақтандырылмаған болса);
- з) Сақтанушы олар бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған немесе сақтандыру шартында көзделген өзге де міндеттерді орындамаған залалдар;
- и) егер КҚ-ның басқа тораптары мен бөлшектеріне зақым келмесе, сондай-ақ, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, мұндай оқиға үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттерінің нәтижесінде болмаған жағдайда, шиналардың және/немесе дөңгелектердің, сол сияқты оның өндірушіде көзделген кез келген бөлшектері мен жүйелерінің зақымдануы;
- к) отын жүйесінің бұзылуы нәтижесінде КҚ-ның жануы салдарынан болған КҚ-ның жоғалуы (жойылуы) немесе зақымдануы;
- 5.4 Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес КҚ салонының элементтерінің шылым шегу, бақыланбайтын жану немесе сыртқы заттың КҚ қыздырылған бөлшектермен өзара әрекеттесуі салдарынан туындаған жарылыс нәтижесінде немесе КҚ салонына немесе жүк салғышына КҚ ішкі элементтерімен немесе КҚ ішінде орналасқан заттармен жанасу нәтижесінде жану орын алған жергілікті зақымдануы сақтандыру жағдайы болып табылмайды.

- 5.5 Сақтандыру шарты кез келген компьютерді, компьютерлік жүйені, бағдарламалық жасақтаманы, кодты, вирусты немесе процесті немесе өзге де кез келген электрондық жүйені қасақана пайдаланудан немесе қолданудан (зиян келтіру құралы ретінде) тікелей немесе жанама түрде туындаған, туындауына себеп болған немесе туындайтын шығындарды, залалды, жауапкершілікті немесе шығыстарды өтемейді.
- 5.6. сақтандыру шарты дайындаушы-зауыттың КҚ тұтастай және оның кейбір басқару функцияларын қашықтықтан бұғаттаудағы іс - әрекеттерінен туындаған залалдар мен зияндарды өтемейді.
- 5.7 Жүк автомобильдерін, жеңіл автомобильдердің, тіркемелер мен жартылай тіркемелердің жүк модификацияларын сақтандыру кезінде сақтандыру өтемінен тент үшін жауапкершілік алынып тасталады.
- 5.8 Сақтандырушы келесі жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға міндетті:
- Сақтанушының/ Сақтандырылушының/ Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша- ЖҚЖҚТҚ тізбесі)болуы;
 - Сақтанушының/ Сақтандырылушының тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде;
 - егер Сақтанушыға/Сақтандырылушыға/Пайда алушыға, олардың үлестес тұлғаларына қатысты БҰҰ қарарларында немесе сауда немесе экономикалық санкцияларда, Еуропалық Одақтың/Еуропалық экономикалық аймақтың, Ұлыбританияның немесе АҚШ-тың заңдарында немесе нормативтік актілерінде немесе тиісті уақытта, оның ішінде сақтандыру оқиғасы басталған сәтте қолданыста болған немесе қолданылатын басқа да ұлттық экономикалық немесе сауда санкцияларында, заңдарда немесе шектеулерде белгіленген санкциялар, тыйым салулар немесе шектеулер қолданылса/ енгізілсе.
- 5.9 Сақтанушы / Сақтандырылушы осы Сақтандыру ережелерінің 11.4-тармағының 11.4.8 және 11.4.18-тармақшаларында көзделген міндеттемелерді сақтамаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы бойынша, тәуекел бойынша үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттерінен сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.
- 5.10 сақтандыру шартында осы Сақтандыру ережелерінде көрсетілмеген сақтандыру жағдайларынан өзге де ерекшеліктер көзделуі мүмкін.

6. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

- 6.1 Сақтандыру сомасы – бұл сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.
- 6.2 Сақтандыру сомасы Тараптардың келісімі бойынша мынадай шектерде белгіленеді:
- көлік құралы үшін - оның нақты құнына тең мөлшерде және сақтандыру шартын жасау сәтінде осы құннан (нарықтық немесе сақтандыру) аспауға тиіс;
 - қосымша жабдық үшін — растайтын құжаттар болған кезде, жабдықтың нақты құны мөлшерінде. Растайтын құжаттар болмаған жағдайда құны тараптардың келісімі бойынша айқындалады және сақтандыру шартында көрсетіледі. Сақтандыру жағдайында сақтандырушы сақтандыру шартында көрсетілген соманы растау үшін бағалау жүргізуге құқылы;
 - В) сақтандыру сомасын Сақтандырушы айқындайды және осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес көлік құралының нақты құнынан аз болуы мүмкін.
- 6.3 Нақты құн деп оның моральдық және физикалық тозуын ескере отырып, сақтандырылған КҚ-мен бірдей маркалы жаңа КҚ-ның құны, не осы жердегі ұқсас автомобиль көлігінің нарықтық құны негізінде, не сақтандыру шартын жасау сәтіндегі оның нарықтық құны немесе сауда ұйымы берген анықтама-шот, сатып алу-сату шарты негізінде КҚ құны түсініледі.

- 6.4 Нақты құны КҚ-ның бастапқы құнын және амортизациялық есептеуді (тозуды), пайдалану мерзімін, КҚ-ның техникалық жай-күйін және тауарлық түрін ескере отырып, анықталуы мүмкін.
Сақтандырушы оны Сақтанушы әдейі адастырғанын дәлелдеген жағдайларды қоспағанда, Тараптар сақтандыру шартында айқындалған КҚ сақтандыру құнына дауласа алмайды.
- 6.5 Егер сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып кетсе, сақтандыру шарты сақтандыру шартын жасау сәтіндегі сақтандыру құнынан асатын сақтандыру сомасының бөлігінде жарамсыз болып табылады.
- 6.6 Егер сақтандыру шартын жасау сәтінде сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан төмен болып белгіленсе, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасының сақтандыру құнына қатынасына барабар, сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) келтірген нақты залалдың бір бөлігі мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
- 6.7 Сақтандыру шарты бойынша жалпы сақтандыру сомасы сақтандыруға қабылданған әрбір сақтандыру объектісі бойынша жеке сақтандыру сомаларынан құралады.

7. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ. ФРАНШИЗА

- 7.1 Сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру шартында белгіленеді және Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жасау міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасын білдіреді.
- 7.2 Сақтандыру шартында жалпы сақтандыру сыйлықақысы белгіленеді. Сондай-ақ, сақтандыру шартында әрбір сақтандырылған КҚ және әрбір сақтандыру тәуекелі/сақтандыру объектісі бойынша сақтандыру сыйлықақысы белгіленуі мүмкін.
- 7.3 Сақтандырушы төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларына байланысты айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне көтеретін және төмендететін коэффициенттерді: шығарылған жылы, сигнализацияның болуы, коммерциялық мақсаттарда пайдалану, опцияларды қолдану және т. б. пайдалануға құқылы.
- 7.4 Сақтандыру шартында «Жеңілдік-50%» опциясы болған кезде сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сыйлықақысы жеңілдік сыйлықақысы болып табылады және Сақтандырушы белгілейтін стандартты сақтандыру сыйлықақысының 50%-ын құрайды. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы осы Сақтандыру ережелерінің 14.17-тармағында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемінің сомасынан стандартты сақтандыру сыйлықақысының 50% мөлшерінде жеңілдік сомасын ұстайды. Егер сақтандыру төлемінің сомасы (белгіленген франшизаны ескере отырып) берілген жеңілдікті өтеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, қалған бөлігі кейінгі сақтандыру төлемдерінен шегеріледі.
- 7.5 Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы сақтандыру шартына сәйкес біржолғы немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде, қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда бөліп төлеуге тиіс.
- 7.6 Сақтанушы сақтандыру шартында көрсетілген мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлемеген, не сақтандыру шартында көрсетілген төлем кестесіне сәйкес күнтізбелік 3 (үш) күннен артық кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктірген жағдайда Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының сомасын бүкіл кезең үшін сот тәртібімен толық көлемде өндіріп алуға құқылы.
- 7.7 Егер сақтандыру жағдайы енгізілу мерзімі өткен белгілі бір сақтандыру жарнасы (сақтандыру сыйлықақысы) төленгенге дейін орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы. Кейінгі сақтандыру жағдайлары басталған кезде сақтандыру төлемі сақтандыру сыйлықақысы толық көлемде төленген жағдайда жүзеге асырылады.
- 7.8 Сақтандыру шарты франшизамен жасалады, оның мөлшері сақтандыру шартында көрсетіледі.
- 7.9 Сақтандырылушының кінәсінен емес ЖКО туындаған кезде франшиза туралы шарт мынадай шарттар біржолғы сақталған кезде қолданылмайды:
- а) Сақтандырылушы екі және одан да көп КҚ соқтығысқан кезде орын алған ЖКО үшін кінәлі емес;
 - б) ЖКО кінәлісі анықталған;

- в) сақтандырылған КҚ-на ішінара зақым келтірілген;
г) Сақтандырылушы сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын құжаттамалық қамтамасыз етті.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

- 8.1 Сақтандыру шарты Сақтандырушының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау ережелеріне» сәйкес тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті талаптарды сақтай отырып, жасалады. Сақтанушы сақтандыру шартын жасағанға дейін Сақтандырушыға хабарлауға міндетті:
- 1) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы және/немесе бенефициарлық меншік иесі) жария лауазымды тұлға, оның жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы болып табылса;
 - 2) егер жеке тұлғаның бенефициарлық меншік иесі өзге тұлға болса (Сақтанушы емес).
 - 3) ол жүзеге асыратын операция қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік қызметті қаржыландырумен байланысты емес. Қажет болған жағдайда Сақтанушы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі ҚР заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Сақтандырушы сұратқан барлық қажетті құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.
- 8.2 Сақтандыру шарты жазбаша түрде жасалады:
- 1) Сақтанушы біржақты тәртіппен әзірлеген осы Сақтандыру ережелеріне Сақтанушының қосылуы (қосылу шарты), Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша Сақтанушы қол қойған сақтандыруға өтініш-сауалнама негізінде Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін ресімдеуі; немесе
 - 2) Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша Сақтанушы қол қойған сақтандыруға өтініш-сауалнама негізінде Тараптардың сақтандыру шартын жасауы.
- 8.3 Сақтандыру шарты жасалуы мүмкін:
- 1) қағаз нұсқада; немесе
 - 2) Сақтандырушының және/немесе Сақтандырушының серіктестері болып табылатын басқа ұйымдардың интернет-ресурсын пайдалана отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы электрондық нысанда жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 825-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген тәртіппен жасалған сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңында белгіленген электрондық цифрлық қолтаңбаға қойылатын талаптарды ескере отырып, сақтандыру шарты тараптарының электрондық цифрлық қолтаңбасының құралдарын пайдалана отырып жасалуы тиіс. Сақтандырушының/серіктестің интернет-ресурсын пайдалану арқылы сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтанушы осы Ережелермен танысқаннан кейін, осылайша Сақтанушының өзіне ұсынылған шарттарда Сақтандырушы біржақты тәртіппен (қосылу шарты) әзірлеген осы Сақтандыру ережелеріне қосылуы арқылы сақтандыру шартын жасауға өзінің келісімін растай отырып, сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді.
- 8.4 Өтініш-сауалнама сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.
- 8.5 Сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның басталуынан (сақтандыру тәуекелінен) болуы мүмкін залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар белгілі мән-жайларды, егер бұл мән-жайлар Сақтандырушыға белгісіз және белгілі болмауға тиіс болса, хабарлауға міндетті. Келесі жағдайлар маңызды деп танылады:
- 1) Сақтанушы заңды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе толық атауы;
 - 2) тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, телефон, факс нөмірі, банктік деректемелері;
 - 3) Сақтандырылушы және Пайда алушы туралы көрсету;
 - 4) КҚ жүргізуге рұқсат берілген тұлғалар туралы мәліметтер;
 - 5) сақтандыру аумағы туралы көрсету;
 - 6) КҚ тізбесі, олардың сипаттамалары;
 - 7) КҚ пайдалану мақсаттары туралы көрсету;



- 8) КҚ техникалық жай-күйі;
 - 9) КҚ жалға беру немесе такси, каршеринг ретінде пайдалану;
 - 10) КҚ пайдалану негіздері (меншік құқығы; жедел басқару құқығы; жалдау, жалға алу шарты; сенімхат бойынша);
 - 11) сақтандыруға жататын КҚ сақтандыру шартын жасау сәтіндегі зақымданулар мен ақаулар;
 - 12) үшінші тұлғалар тарапынан КҚ-на қатысты шағымдардың, сот талаптарының болуы туралы немесе өткен соттың шешімдерінің болуы туралы мәліметтер;
 - 13) дербес орнатылған электр және өзге де жабдықтың болуы, электрондық айдап әкетуге қарсы дабыл жүйесінің болуы туралы мәліметтер;
 - 14) олардың басталуына орай сақтандыру жүзеге асырылатын сақтандыру жағдайларының тізбесі;
 - 15) КҚ сақтандыру және нақты құны;
 - 16) сақтандыру сомасының мөлшері;
 - 17) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі;
 - 18) сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі (біржолғы, бөліп-бөліп төлеу);
 - 19) шығындардың болуы;
 - 20) өтініш-сауалнамада көрсетілген өзге де ақпарат.
- 8.6 Егер сақтандыру шартын жасағаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға осы Сақтандыру ережелерінің 8.5-тармағында көрсетілген мән-жайлар туралы көрінеу жалған мәліметтер бергені анықталса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге не сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы. Егер Сақтанушы біле тұра айтпаған жағдайлар жойылып кетсе, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
- 8.7 Қажет болған жағдайда Сақтанушы сақтандыруға ұсынылатын автомобиль көлігіне меншік құқығын (пайдалану, иелену және/немесе билік ету құқығын) растайтын және оның құны туралы куәландыратын және оны сипаттайтын деректерді қоса беруге тиіс.
- 8.8 Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылушының) жазбаша өтініші негізінде оған сақтандыру шартының телнұсқасын береді, одан кейін жоғалған сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және электрондық нысанда жасалған шартты қоспағанда, ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.
- 8.9 Сақтандыру полисіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат етілмейді, Сақтандыру полисінің талаптарына кез келген өзгерістер ескі полисті бұзу және жаңа Сақтандыру полисін жасау арқылы ресімделеді.
- 8.10 Сақтандыру шартын жасау алдында Сақтандырушы Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) КҚ тексеру және фото/бейне тіркеу мүмкіндігін және қосымша жабдықты қамтамасыз етуді талап етуге құқылы. Бұл ретте КҚ тексеруді мыналар жүзеге асыра алады:
- 1) Сақтандырушының уәкілетті өкілі;
 - 2) Сақтанушы / Сақтандырылушы – Сақтандырушыда техникалық мүмкіндік және онлайн қарап тексеруді жүргізу үшін қажетті бағдарламалық жасақтама болған кезде.
- 8.11 Сақтандырушы КҚ-ның бар-жоғын және жай-күйін, сондай-ақ КҚ және/немесе қосымша жабдық туралы Сақтанушы хабарлаған мәліметтердің дұрыстығын тексеруге, ал қажет болған жағдайда оның нақты құны мен тәуекел дәрежесін белгілеу мақсатында сараптама тағайындауға құқылы.
- 8.12 Сақтандыру шартының шарттары өзгерген кезде Сақтанушы КҚ тексеріп-қарау үшін Сақтандырушының өкіліне ұсынуға міндетті. КҚ тексеру нәтижесі Сақтандырушы ресімдеген КҚ тексеру актісінде көрсетіледі.
- 8.13 Егер сақтандыру шартының шарттарында КҚ міндетті түрде тексеру көзделген болса, КҚ онлайн тексеру сақтандыру сыйлықақысын төлегеннен кейін жүргізіледі. Сақтандыруға қабылданатын КҚ тексеру жүргізу сәтіне дейін шарт күшіне енбеген болып есептеледі, және Сақтандырушы осы Сақтандыру ережелерінің 9.4-тармағына сәйкес, Сақтанушы төлеген сақтандыру сыйлықақысын қайтару жөніндегі міндеттемені қоспағанда, Сақтанушы алдында қандай да бір міндеттемелерді көтермейді.



- 8.14 КҚ онлайн тексеру кезінде күндізгі уақытта немесе жақсы жасанды жарықтандыруда жүргізілген фотосуреттер мен бейнематериалдар келесі талаптарға сай болуы керек:
1. Фотосуреттерде түсірілім уақыты мен күні туралы ақпарат болуы керек.
 2. Ғаламдық спутниктік навигациялық жүйенің көмегімен тіркелген орналасу координаттарын көрсету қажет.
 3. КҚ лак-бояу жабынының жай-күйін объективті бағалау үшін таза түрде ұсынылуы керек, бұл оны сәйкестендіруге мүмкіндік береді.
 4. Шанақтың VIN нөмірі анық көрінуі керек, сонымен қатар қозғалтқыш бөлігіне және таңбалау тақталары мен басқа ақпарат орналасқан басқа жерлерге қол жетімділік қамтамасыз етілуі керек.

9. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

- 9.1 Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру шарты 12 (он екі) айға жасалады.
- 9.2 Сақтандыру шарты, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, осы Сақтандыру ережелерінің 8.13-тармағына сәйкес КҚ тексеру жүргізілген күннен кейінгі күннен ерте емес, сақтандыру сыйлықақысын немесе бірінші сақтандыру жарнасын Сақтандырушының банктік шотына немесе кассасына түскен күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді.
- 9.3 Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.
- 9.4 Сақтандыру сыйлықақысы мынадай жағдайларда қайтарылуға жатады: егер КҚ тексеру актісі сақтандыру сыйлықақысын төлеген сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізілмесе немесе КҚ тексеру актісін Сақтандырушы КҚ сипаттамаларын сақтандыруға сәйкес келмеуіне байланысты қабылдамаса және сақтандырудан бас тартса.
- 9.5 Сақтандыру шарты сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің соңғы күні аяқталғаннан кейін өзінің қолданысын тоқтатады.
- 9.6 Сақтандыру сомасының толық мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін, егер сақтандыру шарты «сақтандыру сомасы таусылғанға дейін» шарттарымен жасалған болса, сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады.
- 9.7 Егер сақтандыру шарты «бірінші сақтандыру жағдайына дейін» шарттарымен жасалған болса, онда мұндай сақтандыру шартының қолданылуы бірінші сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап тоқтатылады.
- 9.8 Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана қолданылады.

10. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ

- 10.1 Қосарланған сақтандыру - әрқайсысымен жеке шарттар бойынша бірнеше Сақтандырушыларда бір объектіні сақтандыру.
- 10.2 Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының) алдында онымен жасалған Сақтандыру полисі шегінде мүліктік жауапкершілікті көтереді, алайда Пайда алушы барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.
- 10.3 Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қосарланған сақтандыру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға өзге сақтандыру компанияларында сақтандыру төлемі мәселесін реттеуге қатысты барлық мәліметтерді, оның ішінде өзге сақтандыру компанияларынан алынған сақтандыру төлемінің мөлшері туралы мәліметтерді беруге міндетті.
- 10.4 Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын анықтауға, сақтандыру жағдайының нәтижесінде



келтірілген залалдардың мөлшерін басқа сақтандыру компанияларымен бірлесіп айқындауға құқылы.

11. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

11.1 Сақтандырушы құқылы:

- 11.1.1 Сақтанушы ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ сақтандыру шартының шарттарының орындалуын тексеруге;
- 11.1.2 «КЖ және ТҚ заңдастыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау ережелеріне» сәйкес клиенттің тиісті тексеруін жүргізу үшін қажетті құжаттарды сұратуға;
- 11.1.3 Сақтанушы (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі/Сақтандырылушы/Пайда алушы жасаған операцияларды зерделеу процесінде Сақтанушымен іскерлік қатынастарды тоқтату, іскерлік қатынастарды Сақтанушы Қылмыстық жолмен алынған КЖ және ТҚ заңдастыру, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда Сақтанушымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға;
- 11.1.4 Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және ықтимал залалдың (сақтандыру тәуекелінің) мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтер алуға;
- 11.1.5 сақтандыру шартының қолданысы басталғанға дейін КҚ және қосымша жабдықты тексеруді жүзеге асыруға, содан кейін КҚ тексеру актісін жасауға;
- 11.1.6 Сақтанушы КҚ және қосымша жабдықты Сақтандырушының тексеруі үшін КҚ тиісті түрде беру міндетінен жалтарған кезде, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінен бас тартуға;
- 11.1.7 Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлеу кезінде сақтандыру сыйлықақыларын төлеу шарттарын бұзған кезде сақтандыру сыйлықақысын төлеуді, сондай-ақ сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жүргізілген сақтандыру төлемін қайтаруды талап етуге;
- 11.1.8 сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға және Сақтанушының өз міндеттерін орындамауы нәтижесінде өзіне келтірілген залалдарды өтетуге;
- 11.1.9 Сақтанушы шартты жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлау міндетін орындамаған кезде, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, не Сақтанушы шарттың шарттарының өзгеруіне немесе сақтандыру сыйлықақысының қосымша ақысына тәуекел дәрежесінің ұлғаюына мөлшерлес қарсылық білдірсе, шартты бұзуды талап етуге;
- 11.1.10 Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу фактісін куәландыратын, сондай-ақ залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды талап етуге;
- 11.1.11 сақтандыру жағдайының басталуына кінәлі тұлғаға талаптар қоюға;
- 11.1.12 егер кезекті немесе соңғы төлем енгізілгенге дейін сақтандыру жағдайы орын алса, сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлеуді қолдануды тоқтатуға;
- 11.1.13 қажет болған жағдайда сақтандыру жағдайының басталу фактісін, себептерін, мән-жайларын және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын тиісті құжаттар мен ақпаратты ұсыну туралы құзыретті органдарға сұрау салулар жіберуге. Егер құзыретті органдарда Сақтандырушыға сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз беретін материалдар болса, онда Сақтандырушы құзыретті органдардан ресми жауаптар немесе растайтын мәліметтер алғанға дейін төлемді кейінге қалдыруға;
- 11.1.14 зақымданған КҚ мен қосымша жабдықты қарап-тексеру немесе тексеру, сондай-ақ сақтандыру оқиғасының басталу себептерін және залалдың мөлшерін анықтау бойынша өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға;
- 11.1.15 сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға немесе оның мөлшерін азайтуға, сақтандыру шартына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уәкілетті органдардың деректері мен құжаттары негізінде төлемді кейінге қалдыруға;



- 11.1.16 сақтандыру шартында «Жеңілдік-50%» опциясы болған кезде Сақтанушы осы Сақтандыру ережелерінің 14.17-тармағына сәйкес «өзара есеп айырысу туралы келісімге» қол қоюдан бас тартқан жағдайда сақтандыру төлемінен бас тартуға
- 11.1.17 сақтандыру жағдайының басталу фактісін және осы Ережелердің 13-тарауында баяндалған залалдың мөлшерін растайтын құжаттар Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтініш берілген сәттен бастап 90 күнтізбелік күн өткен соң ұсынылмаған жағдайда, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;
- 11.1.18 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттер жасауға.
- 11.2 **Сақтанушы құқылы:**
- 11.2.1 Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру ережелерінде/шартында белгіленген өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді және осы Сақтандыру ережелерінің көшірмесін қағаз нұсқада немесе Сақтандыру ережелерінің сканерленген көшірмесін беруді немесе Сақтандырушының/ серіктестің интернет-ресурсында сақтандыру ережелерін жариялауға сілтемені талап етуге;
- 11.2.2 сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда жазбаша өтініш негізінде оның телнұсқасын алуға;
- 11.2.3 сақтандыру жағдайы басталғанға дейін Сақтандырылушылардың тізіміне өзгерістер енгізуге. Сақтандырылушылар тізіміне өзгерістер енгізу үшін Сақтанушы алдын ала, өзгерістердің болжамды күнінен кемінде 3 (үш) күн бұрын Сақтандырушыға сақтандыру полисінің ажырамас бөлігіне айналатын жазбаша өтінішпен жүгінуге тиіс;
- 11.2.4 Сақтандырушымен келісім бойынша сақтандыру шартының шарттарын, оның ішінде сақтандыру сыйлықақысын пропорционал өзгерте отырып, сақтандыру тәуекелін өзгертуге;
- 11.2.5 егер ол Пайда алушы болып табылса, сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;
- 11.2.6 Сақтандырушының маманы және/немесе Сақтандырушымен келісілген тәуелсіз бағалаушы және/немесе сюрвейер, аджастер немесе ТҚС нақты жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары бойынша мамандандырылған ТҚС шотын келіскеннен кейін зақымданған КҚ тексеруден кейін 3 (үш) жұмыс күні өткеннен кейін зақымданған КҚ өз есебінен қалпына келтіруді жүргізуге. Бұл жағдайда сақтандыру төлемі Сақтанушыға зақымданған КҚ қалпына келтіруге жұмсалған нақты шығындарды растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда жүзеге асырылады.
- 11.2.7 Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтандырушының келісімімен Сақтандырушыға өзінің КҚ (абандон) құқығын беруге және белгіленген франшизаны ескере отырып, сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін алуға құқылы;
- 11.2.8 сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 11.2.9 сотта Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуына дау айтуға;
- 11.2.10 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға.
- 11.3 **Сақтандырушы міндетті:**
- 11.3.1 Сақтанушыны осы Сақтандыру ережелерімен (оның талап етуі бойынша Ережелердің көшірмесін ұсыну/жіберу) және сақтандыру шартының шарттарымен таныстыруға (Сақтанушы Сақтандырушының интернет-ресурсында Сақтандыру ережелерімен өз бетінше таныса алады);
- 11.3.2 сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны тіркеуге;
- 11.3.3 сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 11.3.4 сақтандыру құпиясын және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны қамтамасыз етуге;
- 11.3.5 Сақтанушы / Пайда алушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы Сақтандырушының шешім қабылдауы үшін қажетті құжаттар топтамасын ұсынбаған жағдайда, егер сақтандыру шартында өзгеше мерзім көзделмесе, Сақтанушыны/Пайда алушыны соңғы құжат қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге;



- 11.3.6 сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе Сақтанушыға сақтандыру шартының шарттарына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырудан жазбаша дәлелді бас тартуды жіберуге;
- 11.3.7 Сақтанушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеуге;
- 11.3.8 Сақтандырушының/серіктестің интернет-ресурсында жасалған жағдайда Сақтанушыны электрондық хабарлама түрінде сақтандыру шартын жасау не оны жасаудан бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы хабардар етуге;
- 11.3.9 электрондық терминал иесін қоса алғанда, электрондық терминал арқылы Сақтандырушының интернет-ресурсына берілетін мәліметтерге үшінші тұлғалардың қол жеткізе алмауын қамтамасыз етуге;
- 11.3.10 Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтініш берілген сәттен бастап 60 күнтізбелік күн өткен соң Сақтанушыға/Пайда алушыға Сақтандырушыға құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы электрондық мекенжайға (немесе өтініште көрсетілген мекенжай бойынша қолма-қол) ескертуді жолдау арқылы хабардар етуге;
- 11.3.11 сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттерді жүзге асыруға.
- 11.4 **Сақтанушы міндетті:**
- 11.4.1 сақтандыру шартын жасау кезінде, оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсында Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін елеулі маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
- 11.4.2 сақтандыру шартын жасау кезінде және оның қолданылу кезеңінде Сақтандырушыға сақтандырылған КҚ қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша барлық қолданыстағы / жасалатын сақтандыру шарттары туралы хабарлауға;
- 11.4.3 Сақтандырушының талап етуі бойынша сақтандыру шартын жасау кезінде оны уәкілетті тұлғаға КҚ және КҚ қосымша жабдығын тексеру үшін рұқсат беруге;
- 11.4.4 Сақтанушыға тиісті тексеру жүргізу шеңберінде Сақтандырушы сұратқан барлық құжаттар мен ақпаратты ұсынуға;
- 11.4.5 егер бұл өзгерістер полистің қолданылу кезеңінде тәуекелдің жоғарылауына әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы немесе сақтандыру шартын жасау кезінде көрсетілген мән-жайлардағы елеулі өзгерістер туралы хабарлауға.
- 11.4.6 Сақтандырушының интернет-ресурсында орналастырылған Сақтандыру ережелерімен танысуға;
- 11.4.7 сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
- 11.4.8 сақтандыру жағдайынан шығынның алдын алу немесе азайту бойынша барлық мүмкін және орынды шараларды қабылдауға, соның ішінде:
- 1) КҚ-да техникалық паспорт пен кілттерді қалдырмауға;
 - 2) КҚ қараусыз қалдырмауға, ашық күйде, барлық құлыптар жабық және айдап әкетуге қарсы дабыл (иммобилайзер) қосулы болуы тиіс;
 - 3) КҚ айдап әкетуге қарсы дабылмен (иммобилайзер), не айдап әкетуге қарсы жүйемен (АҚЖ) жабдықтауға;
- 11.4.9 Сақтандырылушылардың назарына осы Сақтандыру ережелерінің талаптарын жеткізуге; Сақтандыру ережелерінің шарттарын орындауға (Сақтандырылушылардың Сақтандыру ережелерінің шарттарын бұзуы Сақтанушының өзі сақтандыру шарттарын бұзуы ретінде бағаланады);
- 11.4.10 осы сақтандыру Ережесінің 12.1 тармағының 12.1.3-тармақшасында белгіленген мерзімдер мен тәртіппен сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
- 11.4.11 Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдарын, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшерін бағалауға мүмкіндік беретін барлық ақпаратты беруге;
- 11.4.12 сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ келтірілген залалды дәлелдеу ауыртпалығын көтеруге;
- 11.4.13 КҚ айдап әкетілген, ұрланған немесе жойылған жағдайда КҚ-на қатысы бар барлық құжаттардың түпнұсқаларын және КҚ кілттерінің түпнұсқаларын Сақтандырушыға беруге;

- 11.4.14 егер Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін ұрланған КҚ қайтарылса немесе залал келтіруші зиянды өтесе, осы КҚ жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына жұмсалған шығыстарды шегере отырып, алынған сақтандыру төлемін Сақтандырушыға қайтаруға;
- 11.4.15 егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген талап қоюдың ескіру мерзімдері ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және сақтандыру шарты бойынша Сақтанушыны немесе Пайда алушыны сақтандыру төлемін алу құқығынан толық немесе ішінара айыратын мән-жай анықталса, алынған сақтандыру төлемін Сақтандырушыға толық көлемде немесе ішінара бір ай ішінде қайтаруға;
- 11.4.16 Сақтандырушының жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын орындау фактісін растайтын құжаттарды алуын қамтамасыз етуге: орындалған жұмыстар актісі, шот-фактура;
- 11.4.17 сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
- 11.4.18 Зақымданған КҚ жөндеу жүргізілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтандырушының өкіліне КҚ тексеруге және тиісті ақпаратты КҚ-дағы дерекнамаға енгізу үшін барлық қажетті ақпаратты (құжаттарды) ұсынуға. Осы міндетті орындамау келесі сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінен бас тартуға әкеп соғуы мүмкін;
- 11.4.19 сақтандыру төлемін алған жағдайда, сақтандыру төлемі келтірілген залалды толық көлемде өтемеген жағдайларды қоспағанда, Сақтанушының кінәлі адамнан келтірілген залалдың құнын алуға құқығы жоқ, бұл жағдайда Сақтанушы кінәлі адамнан сақтандыру төлемі мен залал сомасы арасындағы жетіспейтін айырмашылықты өндіріп алуға құқылы;
- 11.4.20 осы Сақтандыру ережелерінің 11.4-тармағының 11.4.19-тармақшасы бұзылған жағдайда сақтандыру төлемінің сомасын қайтаруға және келтірілген залалдарды өтеуге;
- 11.4.21 Сақтанушы сақтандыру шартын жасау кезінде сақтандырылған КҚ-ның жарамды күйде екенін және сақтандырылған КҚ-ның бастапқы кілттерінің, электрондық басқару пульттерінің және іске қосудың толық жиынтығы (өндіруші зауытының жиынтығына сәйкес) бар екенін растайды;
- 11.4.22 Сақтандырылушының/Пайда алушының сақтандыру шартын жасауға және дербес деректерді жинауға және өндеуге, соның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, деректерді мемлекеттік деректер базасынан мәліметтерді беру/алу мақсатында сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқорға беруге және дерекқордан алуға келісімін алуға. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтау қажеттілігі өткенге дейін айқындайды және 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Сақтандырушының, не үшінші тұлғаның сақтандыру шартының талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауы мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушы қызметінің мақсаттарын тұтастай іске асыру үшін жүзеге асырылады;
- 11.4.23 Сақтандырушыға Сақтанушыны (оның өкілдерін) және бенефициарлық меншік иесін/Сақтандырылушыны Қазақстан Республикасының КЖ және ТҚ жария етуге қарсы іс-қимыл туралы Заңнамасының және сақтандырушының ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес, оның ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін тиісінше тексеру үшін қажетті құжаттарды, мәліметтерді ұсынуға;
- 11.4.24 сақтандыру шартында «Жеңілдік-50%» опциясы болған кезде сақтанушы сақтандырушыдан сақтандыру төлемін алғанға дейін сақтандырушымен осы Сақтандыру ережелерінің 14.17-тармағында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемінің сомасынан Сақтандырушының стандартты сақтандыру сыйлықақысының 50% ұстап қалуына «өзара есеп айырысу туралы келісімге» қол қоюға міндетті;
- 11.4.25 сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға.

12. САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ) САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ

- 12.1 Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы білген / білуі тиіс болғаннан кейін міндетті:
- 12.1.1 дереу Сақтандырушыға сақтандыру шартында көрсетілген телефондар арқылы хабарласуға және одан әрі іс-әрекеттер туралы кеңес алуға;
- 12.1.2 ықтимал шығындарды болдырмауға немесе азайту үшін барлық ақылға қонымды және қол жетімді шараларды, соның ішінде зақымданған КҚ құтқару және сақтау шараларын қабылдауға (егер Сақтандырушыға нақты шаралар қабылдау туралы нұсқаулар берілсе, оларды орындауы керек);
- 12.1.3 мереке және демалыс күндерін қоспағанда, ең қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, ол білген сағаттан бастап Сақтандырушыға немесе оның уәкілетті өкіліне сақтандыру оқиғасының басталғаны туралы кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлауға, оған оқиғаның мән-жайлары, келтірілген залалдың түрлері және болжанатын мөлшері туралы барлық белгілі мәліметтерді хабарлауға, арқы қарайғы әрекеттерді Сақтандырушымен келісуге, сондай-ақ кейіннен Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш беруге;
- 12.1.4 Сақтандырушы тексергенге дейін КҚ сақтандыру оқиғасының басталуы нәтижесінде болған күйінде сақтауға. Сақтанушы келтірілген залалдың көрінісін, егер ол қауіпсіздік мәселелерімен, уәкілетті органдардың талаптарымен, залалдың мөлшерін азайтумен байланысты болса немесе Сақтандырушының келісімі алынған болса ғана өзгертуге құқылы;
- 12.1.5 егер сақтандыру шарты **«Уәкілетті органдарды шақырмай»** опциясымен жасалған болса, сақтандыру оқиғасы басталған сәттен бастап 6 сағат ішінде психоактивті затты қолдану фактісі және/немесе мас болу жағдайы тұрғысынан медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтуге, жол полициясының қызметкерлері сақтандыру жағдайын ресімдеген сәттен бастап **6 сағат ішінде** психоактивті затты пайдалану фактісі және/немесе мас болу жағдайы тұрғысынан медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтуге;
- 12.1.6 сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруді жүргізуге уәкілетті құзыретті органдарға жүгінуге, атап айтқанда:
- а) **жол полициясына** - егер сақтандыру шартында **«Уәкілетті органдарды шақырмай»** опциялары қамтылмаса, жол полициясы органдарын шақыру ЖКО нәтижесінде, бөгде заттардың құлауы салдарынан КҚ-на кез келген зақым келген жағдайда немесе Сақтандырылушылар мен үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда міндетті.
- Егер сақтандыру шарты **«Уәкілетті органдарды шақырмай»** опциясын қамтыса, жол полициясын шақыру КҚ зақымдануынан келтірілген залал осы опция бойынша сақтандыру шартында белгіленген лимиттен асқан жағдайда ғана міндетті болады. Басқа жағдайларда жол полициясын шақыру қажет емес.
- б) **өртке қарсы қызмет органдары** – егер сақтандыру шарты **«Уәкілетті органдарды шақырмай»** опциясынсыз жасалған болса, өрт салдарынан туындаған зақымдану болған жағдайда.
- Егер сақтандыру шарты **«Уәкілетті органдарды шақырмай»** опциясымен жасалған болса - өртке қарсы қызмет органдарын шақыру, егер өрттен туындаған залал мөлшері осы опция бойынша сақтандыру шартында белгіленген лимиттен асып кеткен жағдайда ғана міндетті болады. Басқа жағдайларда өртке қарсы қызмет органдарын шақыру талап етілмейді.
- в) **ПМ тергеу органдары** – КҚ ұрланған жағдайда, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері жағдайында.
- г) **қоршаған ортаның жай-күйін қадағалауды және бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган, ТЖ органдары, Қазгидромет** – дүлей зілзалалардың салдарынан КҚ зақымданған жағдайда, тиісті аумақта дүлей зілзалалардың туындау фактісін растайтын тиісті құжаттарды алу үшін.
- 12.1.7 Сақтандырылушылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген және ЖКО салдарынан үшінші тұлғалардың өміріне зиян келтірілген жағдайда, сондай-ақ, егер **«Уәкілетті органдарды шақырмай»** опциясы таңдалмаған жағдайларда, уәкілетті мемлекеттік және өзге де құзыретті органдардың іс-шараға жәрдемдесуін және құжаттамалық ресімделуін қамтамасыз етуге.

Егер «Уәкілетті органдарды шақырмай» опциясы таңдалса және залал сақтандыру шартында көрсетілген лимиттерден аспаса - жол полициясының құжаттары талап етілмейді, бұл ретте Сақтанушы Сақтандырушының апаттық комиссарына қоңырау шалып, оның нұсқауларын орындауға тиіс:

- а) егер оларды анықтау мүмкіндігі болса, кінәлі тұлғаның және куәгерлердің деректерін жазуды жүзеге асыру;
- б) жол-көлік оқиғасы кезінде жол полициясы органдары ресімдейтін хаттамада автомобиль көлігінің барлық зақымдануларының көрсетілуін бақылау
- в) жол полициясы қызметкерлерінің оқиға схемасын және автомобиль көліктерінің жүру бөлігінде орналасуын жасау кезінде қатысуға және көмектесуге, схемамен келіспеген жағдайда, оған қол қою кезінде өз пікірін көрсетуге;
- г) орын алған оқиғаның мән-жайын толық көрсете отырып, жол полициясы органдарына түсініктеме жазу;
- д) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қол қойған кезде, жол полициясы органдары қызметкерлерінің шешімімен келіспеген жағдайда, хаттамада өз пікірін жазу.

- 12.1.8 залалдың туындауына әкеп соққан мән-жайларды тергеуге ішкі істер органдары, прокуратуралар және басқа да құқық қорғау органдары қатысқан барлық жағдайларда Сақтанушы қылмыстық іс қозғау немесе қозғаудан бас тарту туралы қаулыны ұсынуға міндетті;
- 12.1.9 Сақтандырушымен (оның өкілімен) КҚ жөндеу орнын/мамандандырылған ТҚС келісуге;
- 12.1.10 Сақтандырушыға осы Сақтандыру ережелерінің 13-тарауында көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
- 12.1.11 Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының (оқиғаның) орнын және зақымданған КҚ қарап-тексеру немесе тексеру, шығынның себептері мен мөлшеріне қатысты тергеу жүргізу, залалды азайту және сақтандырылған КҚ құтқару бойынша іс-шараларға қатысу мүмкіндігін беруге;
- 12.1.12 Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған іс-әрекеттер жасамауға, сондай-ақ қандай да бір міндеттемелерді қабылдамауға; қандай да бір ұсыныстарды қабылдамауға; Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз осы сақтандыру жағдайына қатысы бар төлемдер жасамауға және қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеуге.
- 12.2 Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлау және ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін, оның ішінде сақтандырылған КҚ құтқару және сақтау шараларын қабылдау үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдау міндеті Сақтандырылушыға жүктеледі.
- 12.3 Пайда алушы Сақтандырушыға Сақтанушы немесе Сақтандырылушы жасағанына немесе жасамағанына қарамастан, барлық жағдайларда сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарлауға құқылы.
- 12.4 Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру төлемінің нұсқасына қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға орын алған кезде, сақтандыру төлемі шет мемлекеттің уәкілетті органы жасаған, оқиғаның басталу фактісін растайтын, Сақтанушы ұсынған құжаттар және сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған КҚ есептелген амортизациясын (тозуын) шегере отырып, бағалау туралы есеп негізінде КҚ қалпына келтіру құны мөлшерінде КҚ-на келтірілген нақты залал мөлшерінде жүзеге асырылады.
- 12.5 Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде сақтандыру арқылы қорғау жағдайында, сақтандыру жағдайы оның шегінен тыс жерде басталған кезде, Сақтанушы уәкілетті органдарды шақыруға, сондай-ақ фото және бейне түсірілімнің күні мен уақыты туралы ақпаратты көрсете отырып, оқиға орнының фото және бейне түсірілімін жүргізуге міндетті.

13. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫН МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

- 13.1 Сақтанушы (Сақтандырылушы/Пайда алушы) сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуға міндетті:
- 13.1.1 **Жеке басын куәландыру және сақтандыру төлемін алу шарттарын сақтау үшін:**
- сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы туралы өтініш;
 - Сақтандыру полисі/сақтандыру шарты;
 - өтініш берушінің жеке куәлігі;
 - жеке тұлғаны дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы куәлік (егер Сақтанушы жеке тұлға болып табылса және жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса);
 - сақтандыру компаниясында істерді жүргізу және сақтандыру төлемін алу құқығына сенімхат (занды тұлға үшін немесе пайда алушының мүдделері ұсынылған жағдайда),
 - ЖКО-да зардап шеккен тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттар.
- 13.1.2 **Сақтандырылған көлік құралын сақтауға мүдделілігін дәлелдеу үшін:**
- сақтандырылған көлік құралын иелену құқығын растайтын құжаттар (көлік құралын тіркеу туралы куәлік);
 - сақтандыру жағдайы басталған кезде КҚ басқарған тұлғаның жолсапар парағы;
 - сақтандыру жағдайы басталған кезде КҚ басқарған тұлғаның жүргізуші куәлігінің көшірмесі;
 - сақтандыру жағдайы басталған кезде КҚ басқарған тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;
 - егер КҚ жалдау шартына сәйкес пайдаланылса, жалдау шартының көшірмесі;
 - меншік иесінің атынан автомобиль көлігіне иелік ету, пайдалану және/немесе басқару құқығын растайтын өзге құжаттың көшірмесі; және т. б.);
- 13.1.3 **Сақтандыру жағдайының бар-жоғын дәлелдеу үшін:**
- а) жол-көлік оқиғасы кезінде, егер сақтандыру шарты «Уәкілетті органдарды шақырмай» опциясынсыз жасалған жағдайда, сондай-ақ егер сақтандыру шарты «Уәкілетті органдарды шақырмай» опциясымен жасалған болса, бірақ бұл опциялардың талаптарын Сақтанушы/ Сақтандырылушылар орындамаған болса:
- ЖКО туралы хаттаманың көшірмесін және оған қосымшаны;
 - оқиға орнын қарау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулының көшірмелерін;
 - ЖКО қатысушыларының медициналық куәландыру анықтамаларын;
 - сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын жол полициясы органдары мен құқық қорғау органдары (тергеу, сот және т. б.) жасаған өзге де құжаттарды;
- б) үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері кезінде, егер сақтандыру шарты «уәкілетті органдарды шақырмай» жасалса, сондай-ақ егер сақтандыру шарты «уәкілетті органдарды шақырмай» опциясымен жасалса, бірақ бұл опцияның шарттарын Сақтанушы/ Сақтандырылушы орындамаса:
- оқиға орнын тексеру хаттамасының және қылмыстық іс қозғау туралы қаулының (не қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы) көшірмелері;
 - іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы қаулының көшірмесі (КҚ айдап әкету немесе ұрлау кезінде);
 - айыпталушы ретінде тарту туралы қаулының көшірмесі (құқыққа қайшы әрекеттер жасаған тұлға анықталған кезде);
 - кінәлі тұлғаларға қатысты сот үкімі (не егер қылмыс жасауға кінәлі тұлғалар анықталмаса, істі тоқтату туралы қаулы);
 - сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын өзге де құжаттар;
 - ал көлік құралын айдап әкету немесе ұрлау кезінде ұрланған (айдап әкетілген) көлік құралының түпнұсқа кілттерінің қосымша толық жиынтығын;
 - басқару пульттерінің, салпыншақтардың, карточкалардың, барлық электрондық және электрондық-механикалық ұрлыққа қарсы жүйелердің белсенді және пассивті

активаторларының, сақтандырылған КҚ жабдықталған механикалық айдап әкетуге қарсы құрылғылардың барлық кілттерінің толық жиынтығы;

КҚ айдап әкету немесе ұрлау кезінде қосымша (түпнұсқалар):

- КҚ-на тіркеу құжаттары;
- КҚ пайдалануға және билік етуге берілген сенімхаттар;
- ұрланған (айдап әкетілген) КҚ-ның түпнұсқа кілттерінің жиынтығы;
- сақтандырылған КҚ жабдықталған басқару пульттерінің, айдап әкетуге қарсы жүйелердің жиынтығы;
- жазбаша өтініш-абандон.

в) дүлей зілзалалар кезінде, егер сақтандыру шарты «уәкілетті органдарды шақырмай» опциясынсыз жасалған жағдайда, сондай-ақ егер сақтандыру шарты «уәкілетті органдарды шақырмай» опциясымен жасалған болса, бірақ бұл опцияның талаптарын Сақтанушы/Сақтандырылушы орындамаған жағдайда:

- аумақтық гидрометеоқызмет бөлімшелері, мемлекеттік комиссиялар, сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын құзыретті органдар жасаған, не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын актілер, қорытындылар, өзге де құжаттар;

г) өзге де күтпеген оқиғалар кезінде, егер сақтандыру шарты «уәкілетті органдарды шақырмай» опциясынсыз жасалған болса, сондай-ақ егер сақтандыру шарты «уәкілетті органдарды шақырмай» опциясымен жасалған болса, бірақ бұл опцияның шарттарын Сақтанушы/ Сақтандырылушы орындамаған жағдайда,:

- өртке қарсы және құқық қорғау органдары актілерінің көшірмелері;
- өрт-техникалық сараптаманың қорытындылары, ЖКО туралы хаттама және оған қосымша;
- оқиға орнын тексеру хаттамасының көшірмесі;
- сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған, не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын өзге де құжаттар;

е) Террористік актілер, ереуілдер, локауттар, халық көтерілісіне дейін ауқымда болатын немесе ұлғаятын азаматтық тәртіпсіздіктер, бүлік, азаматтық толқулар, әскери көтерілістер, төңкерістер және саяси және діни себептер бойынша үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері кезінде, сондай-ақ, егер сақтандыру шарты «уәкілетті органдарды шақырмай» опциясынсыз жасалған болса немесе сақтандыру шарты «уәкілетті органдарсыз» опциясымен жасалған болса, бірақ осы опцияның талаптарын Сақтанушы/ сақтандырылушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін орындамаған жағдайда, мынадай құжаттар ұсынылады:

- сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын уәкілетті және құқық қорғау органдары, мемлекеттік комиссиялар, құзыретті органдар жасаған, не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын актілер, қорытындылар, өзге де құжаттар;

ж) жеңіл алынатын бөлшектерді ұрлау кезінде, сондай-ақ егер сақтандыру шарты «уәкілетті органдарды шақырмай» опциясынсыз жасалған болса немесе сақтандыру шарты «уәкілетті органдарды шақырмай» опциясымен жасалған болса, бірақ осы опцияның талаптарын Сақтанушы/ Сақтандырылушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін орындамаған жағдайда, мынадай құжаттар ұсынылады:

- оқиға орнын тексеру хаттамасының және қылмыстық іс қозғау туралы қаулының (не қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы) көшірмелері;
- іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру туралы қаулының көшірмесі; айыпталушы ретінде тарту туралы қаулының көшірмесі (құқыққа қайшы әрекеттер жасаған тұлғаны анықтаған кезде);
- кінәлі тұлғаларға қатысты сот үкімі (не егер қылмыс жасауға кінәлі тұлғалар анықталмаса, істі тоқтату туралы қаулы);

- сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған, не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын өзге де құжаттар.
- 13.1.4 **Келтірілген залалдың мөлшерін дәлелдеу үшін:**
Сақтандырушының жолдамасына сәйкес тәуелсіз сараптамалық (бағалау) ұйымдардың қорытындылары, ал «Мамандандырылған ТҚС» опциясын таңдаған жағдайда – мамандандырылған ТҚС-дан келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттар, сондай-ақ көрсетілген мамандандырылған ТҚС-да (оны жүргізгеннен кейін) жөндеуді растайтын құжаттар.
- 13.2 Сақтанушы немесе Сақтандырылушы осы Ережелердің 13.1-тармағында көзделген барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда Сақтандырушы құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.
- 13.3 Қажет болған жағдайда оқиғаның басталу себептерін және Сақтандырушының тапсырмасы бойынша шығын мөлшерін айқындау бойынша жұмысты тәуелсіз сарапшылар, бағалаушылар, апаттық комиссарлар орындай алады.
- 13.4 Сақтандыру жағдайына қатысты құжаттар Сақтандырушыға қазақ немесе орыс тілінде не нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен түпнұсқа тілінде ұсынылуы тиіс.

14. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ, МЕРЗІМІ

- 14.1 Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін, сондай-ақ сақтандыру төлемі үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынғаннан кейін Сақтандырушы мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:
- сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін анықтайды;
 - Сақтанушының өтінішінде берілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді;
 - Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) сақтандырылған КҚ сақтаудағы мүддесінің болуын тексереді;
 - залал келтірілген оқиғаның туындау фактісі мен себептерін анықтайды;
 - сарапшыларды, апаттық комиссарларды тарту қажеттілігін айқындайды, өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асырады;
 - оқиғаны сақтандыру жағдайы деп таныған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.
- 14.2 Бір себеппен болған бірнеше шығындар бір сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылады.
- 14.3 Сақтандыру төлемін Сақтандырушы осы Ережелердің 13-тарауында көрсетілген Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) ұсынған құжаттардың, сондай-ақ Сақтандырушы, не оның өкілі қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін жасаған сақтандыру жағдайы туралы актінің негізінде жүзеге асырады.
- 14.4 Сақтандыру төлемін Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде франшизаны шегеруді ескере отырып, жүзеге асырады. Сақтандыру төлемі Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірген нақты залал мөлшерінен аспауы тиіс.
- 14.5 Сақтандыру төлемі әрбір сақтандырылған объект бойынша нақты залал мөлшерінде, бірақ белгілі бір франшизаны ескере отырып, сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады.
- 1) егер сақтандыру шартында сақтандыру сомасы сақтандырылған КҚ-ның нақты құны мөлшерінде айқындалса, сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінде, бірақ белгілі бір франшизаны ескере отырып, сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады;
 - 2) егер сақтандыру шартында сақтандыру шартын жасау сәтіндегі сақтандыру сомасы сақтандырылған КҚ-ның нақты құнынан төмен айқындалса, сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасының КҚ-ның нақты құнына қатынасына барабар, бірақ белгілі бір франшизаны ескере отырып, сақтандыру сомасы шегінде айқындалады. Бұл жағдайда

сақтандыру төлемінің (СВ) мөлшері мына формула бойынша айқындалады: $СВ = У \times С/СИ - F - O$, мұнда: У - нақты зиянның мөлшері; С – сақтандыру сомасы; СИ – КҚ сақтандыру құны; F – белгіленген франшиза мөлшері; O – жарамды қалдықтар;

3) егер сақтандыру шартында сақтандыру сомасы сақтандыру шартын жасау күніндегі КҚ-ның нақты құнынан асатын болса, сақтандыру шартын жасау күніндегі КҚ-ның нақты құнынан асатын бөлігінде сақтандыру жарамсыз болып табылады. Сақтандыру сомасының КҚ-ның нақты құнына сәйкес келмеу фактісін Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде белгілеуі мүмкін.

14.6 Франшиза есебі:

а) егер сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру шартында белгіленген франшиза мөлшерінен аспаса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды;

б) егер сақтандыру төлемінің мөлшері шарт қойылмайтын франшизаның мөлшерінен асып кетсе, сақтандыру төлемі сақтандыру шартында белгіленген шарт қойылмайтын франшизаның мөлшерін шегере отырып жүзеге асырылады;

в) егер сақтандыру төлемінің мөлшері шартты франшиза мөлшерінен асып кетсе, сақтандыру төлемі франшиза шегерілмеген мөлшерінде жүзеге асырылады;

г) егер сақтандыру шартында франшиза белгіленбесе, сақтандыру төлемі франшизаны шегермей жүзеге асырылады;

д) осы Ережелердің 7.9-тармағына сәйкес болған ЖКО-да Сақтандырылушының кінәсі болмаған жағдайда, сақтандыру төлемі сақтандырылған КҚ-на ішінара зақым келген жағдайда кез келген және әрбір сақтандыру жағдайы бойынша шарт қойылмайтын франшиза туралы шартты қолданбай жүзеге асырылады. Бұл ретте Сақтандырылушы сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге міндетті.

14.7 Нақты зиянның мөлшері анықталады:

14.7.1 **КҚ-ның толық жойылуы, құртылуы, айдап әкетілуі (ұрлануы) кезінде** - белгіленген франшизаны ескере отырып, сақтандыру шартының қолданылу кезеңіндегі тозуды ескере отырып, пайдалануға және өткізуге жарамды қалдықтарды шегере отырып, сақтандыру шарты бойынша КҚ-ның сақтандыру сомасынан аспайтын нақты құны мөлшерінде.

14.7.2 **ішінара зақымдану кезінде** - егер КҚ жөнделмесе (қалпына келтірілмесе), оны жөндеуге немесе қалпына келтіруге арналған шығындар мөлшерінде (сақтандыру сомасының 80% - нан аспайтын), не құнның тиісті бөлігі мөлшерінде. Жөндеу, қалпына келтіру шығындарының мөлшері немесе құнның тиісті бөлігінің мөлшері мынадай негізде белгіленеді:

а) бағалаушының есебі (егер Сақтанушы «Мамандандырылған ТҚС» опциясын таңдамаса). Жөндеуге (қалпына келтіруге) арналған шығындарда амортизациялық тозуды, материалдарды ескере отырып, жөндеуге арналған қосалқы бөлшектерді сатып алуға, сондай-ақ белгіленген франшизаны ескере отырып, жөндеу жүргізу бойынша жұмыстарға ақы төлеуге арналған шығыстар ескеріледі.

б) егер Сақтанушы «Мамандандырылған ТҚС» опциясын таңдаса - ақау актісімен, шот-фактурамен, орындалған жұмыстар актісімен, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету станциясы (ТҚС) берген басқа да құжаттармен. Жөндеуге (қалпына келтіруге) арналған шығындарда амортизациялық тозуды есепке алмай, жөндеу үшін материалдар мен қосалқы бөлшектерді сатып алуға, сондай-ақ белгіленген франшизаны ескере отырып, жөндеу жүргізу бойынша жұмыстарға ақы төлеуге арналған шығыстар ескеріледі.

14.8 Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы немесе Пайда алушы) келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтем алса, Сақтандырушы келтірілген нақты залалдың мөлшері мен аталған тұлғадан алынған өтемнің арасындағы айырма мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады, осы тармаққа сәйкес есептелген сақтандыру төлемінің мөлшері осы Сақтандыру ережелерінің 14.4-14.7-тармақшасында есептелген сақтандыру төлемінің мөлшерінен аспаған жағдайда.

Егер сақтандыру шартының талаптарымен «Сақтандыру сомасын қалпына келтіру» опциясы таңдалмаса, онда сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандыру сомасы жүргізілген сақтандыру төлемінің сомасына азаяды және Сақтандырушы жүзеге асырылған

сақтандыру төлемінің мөлшеріне азайтылған сақтандыру сомасы шегінде жауапкершілікті жалғастырады.

Егер сақтандыру шартында көзделген франшизаны шегере отырып, КҚ келтірілген залалдың мөлшері «Уәкілетті органдарды шақырмай» опциясы бойынша лимиттен асып кетсе, онда сақтандыру төлемі белгіленген франшизаны шегере отырып, көрсетілген лимит мөлшерінде жүзеге асырылады.

- 14.9 Егер сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтанушы (Сақтандырылушы немесе Пайда алушы) келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтемақы алса, сақтандыру төлемінің тек бір бөлігіне ғана құқығы болады, осыған байланысты Сақтандырушы сақтандыру төлемінің артық төленген сомасын қайтаруды талап етуге құқылы, ал келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтем алған Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) Сақтандырушыға артық алынған соманы **қайтаруға міндетті**.
- 14.10 Егер Сақтанушы бір мезгілде «Мамандандырылған ТҚС» және «Уәкілетті органдарды шақырмай» опцияларын таңдаса, онда шотты немесе ТҚС актісін ұсынған кезде сақтандыру төлемі **төлем туралы шешім қабылданған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде** ТҚС шотына жүргізіледі. Егер Сақтанушы / Пайда алушы шоттың төленгенін растауды және орындалған жұмыстар актісін ұсынса, төлем тікелей Сақтанушының/Пайда алушының шотына жүзеге асырылады.
- 14.11 Егер Сақтанушы «Мамандандырылған ТҚС» опциясын таңдаса, бірақ «Уәкілетті органдарды шақырмай» опциясы таңдалмаса, ТҚС шоты негізінде сақтандыру төлемі **төлем туралы шешім қабылданған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде** оның банктік шотына аударылатын болады.
Егер Сақтанушы немесе Пайда алушы төлемнің растамасын және орындалған жұмыстардың актісін ұсынса, төлем Сақтанушының/Пайда алушының шотына жүзеге асырылады.
- 14.12 Жөндеу және қалпына келтіру шығындарына материалдар, жұмыс ақысы және КҚ бұрынғы қалпына келтіру үшін қажет басқа шығындар кіреді. Егер зақымданған бөлшектерді жөндеуге болатын болса, бірақ ауыстырылған болса, Сақтандырушы ауыстыру құнын өтейді, бірақ жөндеу құнынан жоғары емес.
- 14.13 Сақтандырушы, егер олар **сақтандыру жағдайынан туындаса** және құжатпен расталса, жөндеу кезінде табылған жасырын зақымдарды жою шығындарын өтейді.
- Егер жөндеу кезінде сақтандыру жағдайынан туындаған жасырын ақаулар табылса, Сақтанушы жұмысты тоқтата тұруы, Сақтандырушыға хабарлауы, тексеру уақыты мен орнын келісуі, сондай-ақ қосымша төлемге жазбаша өтініш беруі керек.
 - Егер тексеру сақтандыру жағдайына байланысты жасырын ақаулар пайда болғанын анықтаса, Сақтандырушы шығын мөлшерін анықтайды және Сақтандыру ережелеріне сәйкес қосымша төлем жасайды.
- Сақтандыру жағдайы басталғанға дейінгі оның сапасымен немесе жай-күйімен салыстырғанда оның сапасын немесе жай-күйін жақсарту бөлігінде КҚ-ның қосымша шығындары, жөндеу-қалпына келтіру, атап айтқанда, «КҚ тексеру актісін» жасау кезінде КҚ-да орнатылған бөлшектерден, тораптардан, агрегаттардан басқа КҚ бөлшектерін, тораптарын, агрегаттарын орнату жұмыстары, жоғарыда көрсетілген бөлшектердің, тораптар мен агрегаттардың тізбесін көрсете отырып, сақтандыру шартына қосымша келісім жасалған жағдайлардан басқа, Сақтандырушымен өтелмейді.
- 14.14 Нақты залалдың мөлшерін анықтау кезінде ескерілмейді және сақтандырумен өтелмейді:
- 1) КҚ-на техникалық және кепілдікті қызмет көрсетуге арналған шығыстар;
 - 2) КҚ қайта құрылымдауға және қайта жабдықтауға, оның жекелеген бөліктерін, бөлшектері мен тораптарын олардың тозуына, техникалық ақауына байланысты және сақтандыру жағдайына жатпайтын басқа да себептер бойынша жөндеуге немесе ауыстыруға байланысты жұмыстар;
 - 3) КҚ-ның зақымдануы сақтандыру жағдайынан туындамаған бөліктерін (бөлшектерін және т. б.) жөндеу немесе ауыстыру құны;
 - 4) жоқ бөлшектердің (бөлшектердің, агрегаттардың және т.б.) құны, олардың болмауы қаралып отырған сақтандыру жағдайына тікелей қатысы жоқ.



- 5) егер сақтандыру шартында «Сақтандыру жағдайының орнына эвакуатор» опциясы көзделмесе, КҚ тасымалдауға арналған шығындар);
- 6) жасырын ақауларды қоспағанда, құзыретті органдардың құжаттарында зақымданған ретінде көрсетілмеген КҚ-ның зақымданған бөліктерін (бөлшектерін және т.б.) жөндеуге арналған шығындар.
- 7) зақымданған КҚ жөндеуді жүзеге асыратын ТҚС-да қажетті қосалқы бөлшектер мен бөлшектердің болмауына байланысты КҚ тораптарын, агрегаттарын жиынтықта ауыстыру (жөндеудің орнына);
- 8) нормативтен тыс тарифтерді, бағалар мен коэффициенттерді қолдануға байланысты шығыстар;
- 9) сақтандырылған КҚ құнының ұлғаюына әкелетін өзге де шығыстар.
- 14.15 Сақтанушы (Сақтандырылушы немесе Пайда алушы) КҚ айдап әкетілген немесе ұрланған жағдайда сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушымен шарт жасауға міндетті, бұл ретте шарт сақтандыру төлемі үшін қажетті шарт болып табылады, оған сәйкес:
- а) айдап әкетілген (ұрланған) КҚ табылған жағдайда, КҚ-ның иесі Сақтандырушының пайдасына табылған КҚ-на меншік құқығын беруді рәсімдеуге міндеттеме алады. Бұл ретте, шарт бойынша Тараптар меншік құқығын Сақтандырушының пайдасына беруді рәсімдеуге байланысты шығыстарды тең дәрежеде көтереді;
- б) меншік иесі осы тармақтың а) тармақшасында көрсетілген міндеттемені орындамаған жағдайда, не тараптардың келісімі бойынша Сақтанушы (Сақтандырылушы немесе Пайда алушы) КҚ анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға алынған сақтандыру төлемін қайтаруға және табылған КҚ күтіп ұстауға байланысты шығыстарды өтеуге міндетті (егер оны Сақтандырушы бергенге дейін ұстаған болса, меншік иесіне), жоғалған агрегаттардың, бөлшектердің, жүйелердің, тораптардың, құрылғылардың және КҚ конструкциясының элементтерінің құнын шегере отырып, сондай-ақ ұрлаумен байланысты көлік құралын жөндеуге немесе сақтандыру жағдайы кезіндегі күйге келтірумен байланысты шығындар.
- 14.16 Тараптардың келісімі бойынша КҚ жойылған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемінің орнына залалды заттай нысанда өтей алады, яғни жойылған автомобиль көлігінің орнына КҚ-на ұқсас көлік құралын бере алады. Сол брендтің, модельдің және шығарылған жылдың КҚ ұқсас болып саналады.
- 14.17 1) Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы сақтандыру төлемін алғанға дейін Сақтандырушымен сақтандыру төлемін Сақтанушыға тиесілі сомдан (сақтандыру шартында белгіленген франшиза сомасын шегере отырып), сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сыйлықақысының берілген жеңілдік сомасынан Сақтандырушымен ұстап қалуға «Өзара есеп айырысу туралы келісімге» қол қоюға міндеттенеді.
- 2) Сақтандырушы «Өзара есеп айырысу туралы келісім» негізінде Сақтанушыға/Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сыйлықақысының берілген жеңілдік сомасын мынадай тәртіппен ұстайды:
- егер бірінші сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің сомасы (сақтандыру шартында белгіленген франшизаны шегере отырып) Сақтанушыға/Пайда алушыға тиесілі сақтандыру сыйлықақысының берілген жеңілдік сомасына тең немесе одан асқан жағдайда, онда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандыру сыйлықақысының берілген жеңілдік сомасын сақтандыру төлемінің сомасынан толық көлемде шегереді.
 - егер бірінші сақтандыру жағдайы бойынша Пайда алушыға тиесілі сақтандыру төлемінің сомасы берілген сақтандыру сыйлықақысының жеңілдік сомасынан аз болса, онда сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды, ал берілген сақтандыру сыйлықақысының жеңілдігінің қалған бөлігі басқа сақтандыру жағдайларынан кейінгі сақтандыру төлемдерінен шегеріледі.
- 3) Берілген сақтандыру сыйлықақысының жеңілдігі толық өтелгеннен кейін - кейінгі сақтандыру төлемдері жеңілдікті ұстамай жүзеге асырылады.

- 4) Сақтанушы осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес «Өзара есеп айырысу туралы келісімге» қол қоюдан бас тартқан жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға / Пайда алушыға сақтандыру төлемін толық көлемде төлеу міндетінен босатылады.
- 5) Егер сақтандыру жағдайының нәтижесінде сақтандыру объектісіне келтірілген залал сомасы сақтандыру шартында белгіленген франшиза сомасынан аспаған болса, онда осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген талаптар қолданылмайды, бұл ретте шартта көрсетілген сақтандыру сыйлықақысының берілген жеңілдік сомасын ұстап қалу кейінгі сақтандыру жағдайлары басталған кезде жүзеге асырылады.
- 14.18 Сақтанушының / Сақтандырылушының шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығындарын, егер тиісті шаралар сәтсіз болса да, Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін осындай шығындар қажет болса немесе жүргізілсе, Сақтандырушы өтейді. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстардың өтемақысының жалпы сомасы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспауы үшін. Егер шығыстар Сақтанушының / Сақтандырылушының Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.
- Сақтандырушы Сақтанушының (Сақтандырылушының) ықтимал залалдарды азайту үшін қасақана ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қолданбауы салдарынан туындаған залалдар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.
- КҚ толық қалпына келтірілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтанушы Сақтандырушыға және ТҚС өкілі қол қойған орындалған жұмыстар актісінің түпнұсқасын, жүргізілген жұмыстардың атауы мен құнын көрсете отырып және Сақтандырушының апаттық комиссары қайта қарау және фототіркеу үшін жөнделген КҚ ұсынуға міндетті, кері жағдайда Сақтандырушы КҚ тораптары мен бөлшектерінің кейінгі ұқсас зақымдануы үшін жауапкершілікті көтермейді.
- 14.19 Сақтандырушының сақтандыру жағдайы басталған күні тиісті КҚ-ның нарықтық құны мөлшерінде (осы көлік құралының бүкіл құнына немесе оның бір бөлігінің, оның бөлшегінің, осы мүліктің жиынтықтаушы бөлігінің бүкіл құнына тиісінше) сақтандыру төлемін жүзеге асырған жағдайда КҚ-на (тиісінше оның тұтас немесе оның бөліктері, оның бөлшектері, жиынтықтаушы бөліктері) немесе оның қалдықтарына құқығы бар. Бұл жағдайда меншік иесі және/немесе Сақтанушы/Сақтандырылушы/ Пайда алушы Сақтандырушыға жазбаша өтініш - абандон беруге міндетті, оның негізінде Сақтандырушы барлық құқық белгілейтін құжаттарды бере отырып, көрсетілген КҚ (оның бір бөлігі) немесе оның кез келген қалдықтарының иесі болу құқығын алады. Олай болмаған жағдайда Сақтанушы Сақтандырушы жүзеге асырған сақтандыру төлемін Сақтандырушыға толық көлемде қайтаруға міндетті.
- 14.20 Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін қажетті барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін **10 (он) жұмыс күні ішінде** сақтандыру төлемі туралы, не сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) бұл туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін көрсете отырып, қабылданған шешім туралы жазбаша нысанда хабарлайды.
- 14.21 Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданғаннан кейін **10 (он) жұмыс күні ішінде** Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
- 14.22 Тараптар арасында шығынның себептері мен мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда Тараптардың әрқайсысының сараптама жүргізуді талап етуге құқығы бар. Сараптама оны жүргізуді талап еткен тараптың есебінен жүргізіледі. Егер сараптама нәтижелері бойынша Сақтандырушының сақтандыру төлемі бөлігінде бас тартуы негізсіз болып табылса, Сақтандырушы бастапқыда төлеуден бас тартылған соманың және сараптама жүргізілгеннен кейін төленген сақтандыру төлемінің сомасының арақатынасына сәйкес келетін сараптама бойынша шығыстардың үлесін өзіне алады.
- 14.23 Сақтандыру төлемін уақытылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353 бабына сәйкес жауапты болады.



- 14.24 Егер сақтандыру жағдайы басталған сәтте Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысының кезекті жарнасын енгізбесе, енгізілуі мерзімі өткен бөліп-бөліп төлеумен төлеген кезде Сақтандырушы төленбеген сақтандыру сыйлықақысының (кезекті транштың) мөлшерін шегере отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға, не сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.
- 14.25 Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және шарттарда сақтандыру омбудсманы дауды реттеу тәртібін сақтаған жағдайда, Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына сотқа шағым жасалуы мүмкін.
- 14.26 Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мыналар да негіз бола алады:
- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән жайларын тергеуге және келтірілген залалдың мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
 - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтанушыға талап ету құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы;
 - 3) Сақтанушының осы Сақтандыру ережелерінің 14.17-тармағына сәйкес «Өзара есеп айырысу туралы келісімге» қол қоюдан бас тартуы - сақтандыру шартында «Жеңілдік-50%» опциясы болған кезде;
 - 4) сақтандыру шартында көрсетілген өзге де жағдайлар.
- Сақтандыру ережесінің осы тармағының негізінде Сақтандырушыны Сақтанушы алдындағы сақтандыру жауапкершілігінен босату, Сақтандырушыны Сақтандырылушыға немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бір мезгілде босатады.
- 14.27 Егер құқық қорғау органдары Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) немесе оның отбасы мүшелеріне қарсы қылмыстық іс қозғаса және залалдың басталуына әкеп соққан мән-жайларға тергеу жүргізілсе, не құзыретті органдарда сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздеменің болуын болжайтын материалдар болса, Сақтандырушының Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) кідірту себептері туралы жазбаша хабарлау арқылы, тергеу немесе сот талқылауы аяқталғанға дейін сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау мерзімін кейінге қалдыруға құқығы бар.
- 14.28 Сақтандыру шарты қайта сақтандырылған жағдайда, тараптардың келісімі бойынша сақтандыру төлемінің мерзімі неғұрлым кеш күнге ауыстырылуы мүмкін.

15. САҚТАНУШЫНЫҢ ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ САҚТАНДЫРУШЫҒА АУЫСУЫ (СУБРОГАЦИЯ)

- 15.1 Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығы ауысады.
- 15.2 Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға қолында бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және Сақтандырушының өзіне ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді оған хабарлауға міндетті.
- 15.3 Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру Сақтанушының (Сақтандырылушының) кінәсінен мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

16. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

- 16.1 Сақтандыру шарты келесі жағдайларда қолданылуын тоқтатады:
- 1) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанда;
 - 2) Сақтандырушының сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асыруы.

- 16.2 Осы Тарауда көзделген сақтандыру шартын тоқтату негіздерінен басқа, сақтандыру шарты келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
- 1) сақтандыру объектісі әрекет етуін тоқтатқан кезде;
 - 2) егер сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірсе, Сақтанушының мүліктік сақтандыру объектісін иеліктен шығаруы;
 - 3) сақтандыру жағдайының туындау мүмкіндігі жойылған және сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзгеше мән-жайлар бойынша тоқтатылған кезде;
 - 4) Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату (қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы) туралы сот шешімі заңды күшіне енген;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Сақтандырушы ресімдеген сақтандыру полисіне енгізілген шарттар мен мәліметтердің өзгеруі;
 - 6) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларда.
- Көрсетілген жағдайларда сақтандыру шарты шартты тоқтату үшін негіз ретінде көзделген мән-жайлар туындаған кезден бастап тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап растайтын құжаттарды қоса бере отырып, екінші Тарапты дереу хабардар етуге тиіс.
- 16.3 Осы Сақтандыру ережелерінің 16.2-тармағында көзделген негіздер бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын қайтару кезінде, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының 25% мөлшерінде іс жүргізуге арналған шығыстарын шегере отырып, сақтандыру қолданылған уақытқа барабар сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне құқылы.
- 16.4 Сақтанушы-жеке тұлға сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, ол жасалған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін шегере отырып, алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданылған уақытқа және алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) он пайызынан аспайтын сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығындарға барабар қайтаруды жүзеге асырады. Сақтанушының өтініші негізінде сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтару сақтандыру шарты бұзылған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде қарыз шарты бойынша берешекті өтеу есебінен банкке жүзеге асырылуы мүмкін.
- 16.5 Сақтанушы-жеке тұлға қарыз шарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерін орындауы себебінен қарыз шартына байланысты сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының), сақтандыру шартын бұзуға байланысты, алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) он пайызынан аспайтын шығындардың бір бөлігін шегере отырып, алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) Сақтанушы-жеке тұлғаға сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды түрде қайтарады.
- 16.6 Сақтанушы сақтандыру шартынан бас тартқан кезде, егер бұл осы Сақтандыру ережелерінің 16.2, 16.4, 16.5-тармақтарында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы, не сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.
- 16.7 Осы Сақтандыру ережелерінің 5) тармақшасында көзделген және жаңа сақтандыру полисін жасау негіздемесі бойынша сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде, Сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігіне сақтандыру қолданылған уақытқа барабар құқығы болады, бұл ретте Сақтандырушы сақтандырудың пайдаланылмаған кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін жаңа сақтандыру полисі бойынша сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін төлеу есебіне есепке жатқызуды жүзеге асырады.
- 16.8 Екінші Тараптың сақтандыру шартының шарттарын елеулі түрде бұзуына байланысты тарап оны орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда да сақтандыру шарты бұзылды деп есептеледі. Сақтандыру шартын бұзуға бастамашы Тарап екінші Тарапты Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде 30 (отыз) күн бұрын алдағы бұзу туралы хабардар етуге міндетті.

- 16.9 Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарының орындалмауынан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға өзі төлеген сақтандыру сыйлықақысын, не сақтандыру жарналарын толығымен қайтаруға міндетті.
- 16.10 Қарыз шарты жарамсыз деп танылған жағдайда, не Сақтанушының қарыз алудан бас тартуы себебі бойынша қарыз шарты жасалған күннен бастап оны бұзған кезде, қарыз шартымен байланысты сақтандыру шарты жасалған күнінен бастап бұзылады, бұл ретте Сақтандырушы отыз жұмыс күні ішінде сақтандыру шартының сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде қайтаруды жүргізеді.
- 16.11 Сақтандыру шартында сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату себебіне қарамастан, оның ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша «Жеңілдік-50%» опциясы болған жағдайда, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатпайды.
- 16.12 Сақтандыру шарты кез келген негіз бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, егер сақтандыру шарты бойынша кез келген мөлшерде сақтандыру төлемі жүзеге асырылған болса – сақтандыру сыйлықақысы және/немесе оның бір бөлігі қайтарылуға жатпайды.
- 16.13 Сақтандыру шартынан бас тартылған және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушыға сақтандыру шартынан бас тартылған күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде толық көлемде төлеуге міндетті, сондай-ақ сыйлықақыны уақытылы төлемегені үшін мерзімі өткен әрбір күн үшін төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 16.14 Банктік қарызды мерзімінен бұрын өтеген кезде қарыз шартына байланысты сақтандыру шарты сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өзінің қолданылуын жалғастырады.
- 16.15 Кезекті сақтандыру жарнасын уақытылы төлемеген жағдайда, сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлеген кезде сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылуы кезекті сақтандыру жарнасын төлеудің мерзімі өткен күннен кейінгі күннен бастап тоқтатыла тұрады және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы. Сақтандыру арқылы қорғау сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен кезекті жарнаны төлеген сәттен бастап қайта басталады.
- 16.16 Сақтанушыға, Сақтандырылушыға, Пайда алушыға, олардың үлестес тұлғаларына, лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты Украинаның аумақтық тұтастығына, егемендігі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін немесе қауіп төндіретін іс-әрекеттерге қатысты шектеу шаралары туралы OFAC, Еуроодақ, Ұлыбритания санкцияларын және/немесе шектеулерін қолданған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыны жазбаша хабардар ету арқылы сақтандыру шартын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Шарт Сақтандырушы Сақтанушыға электрондық пошта немесе пошта арқылы сақтандыру шартында көрсетілген мекенжайға хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылған болып есептеледі. Осы тармаққа сәйкес сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылған кезде Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының 25% мөлшерінде әкімшілік шығыстарды шегере отырып, сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционал түрде сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін алуға құқылы. Осы тармаққа сәйкес шартты біржақты бұзған кезде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемін төлемеген кезде Сақтандырушы тұрақсыздық айыбын төлемейді және Сақтанушыға/ Сақтандырылушыға/ Пайда алушыға қандай да бір залалды өтемейді.

17. ҚОСЫМША ШАРТТАР

- 17.1 Сақтандырушы мен Сақтанушы (Пайда алушы) арасында Сақтандыру шарты бойынша туындайтын дауларды Тараптар тікелей келіссөздер жолымен қарайды.
- 17.2 Тараптар келіссөздер жолымен реттемеген даулар Алматы қаласының соттарына қарауға беріледі, егер сақтандыру шартының тарабы заңды тұлға болып табылатын болса, дауды Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты қарайды, ал егер



- сақтандыру шартының тарабы жеке тұлға болып табылатын болса, дауды Сақтандырушының орналасқан жері бойынша Алматы қаласы Алмалы ауданының № 2 аудандық соты қарайды.
- 17.3 Осы Сақтандыру ережесі қазақ және орыс тілдерінде жасалған. Мәтіндер арасында әр түрлі оқылым жағдайында Сақтандыру ережелерінің орыс тіліндегі нұсқасы басым күшке ие болады.
- 17.4 Сақтандыру шарты бойынша барлық хабарламалар жазбаша нысанда жасалуға тиіс, бұл ретте Сақтандырушы хабарламалар нысанында хабарларды Сақтанушының электрондық мекенжайына және/немесе Сақтанушының жеке кабинетіне, ұялы телефон нөмірі бойынша - SMS – хабарлама арқылы беруге құқылы..
- 17.5 Сақтандыру шартын жасай отырып, Сақтанушы, Сақтандырылушы және Пайда алушы тәуекелдердің алдын алуға және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуге сақтандыру мүддесі бар екенін растайды.
- 17.6 Сақтанушы, Сақтандырылушы, Пайда алушы сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бере алмайды.
- 17.7 Сақтандыру шартын жасау кезінде Тараптар Ережелері Тараптар арасындағы қарым-қатынастарға қолдану үшін басымдыққа ие Сақтандыру шартында көрсету арқылы, осы Сақтандыру ережелерінің ережелерін өзгертуге, алып тастауға және/немесе толықтыруға құқылы.

Тізбеленіп, нөмірленген

33 (Омбы 4ш) бетте

Басқарма Төрағасының

Орынбасары Джантүреев Н.А.

